ЗАҢ газеті

zangazet@mail.ru

№ 85 (3912)
13 қараша 2026

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

2-БЕТ




Төлем қабілеттілігін қайта қалпына келтірудің тиімділігі неде?

4-БЕТ



Жаңа тарихи кезең: үміт, сенім және жасампаздық

6-БЕТ



Жер қатынастарынан туындайтын әкімшілік даулар

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ЕГЕМЕНДІКТІҢ ТІРЕГІ



Қазақ тілі – ұлттың тарихи жады, рухани болмысы және мемлекеттілігінің басты нышаны. Сондықтан оның мәртебесін көтеру тек тіл мамандарының немесе белгілі бір қоғамдық ұйымның міндеті емес, тұтас қоғамның ортақ жауапкершілігі.

(Жалғасы 3-бетте)

СӘТТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Мақсұт ТЕКЕТАЕВ, *Маңғыстау облыстық сотының төрағасы:*

«СОТ ЖҮЙЕСІ ҮШІН ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІНЕН АРТЫҚ АБЫРОЙ ЖОҚ»



– Мақсұт Нысанбайұлы, сот саласындағы жаңа реформалардың көпшілігі Президент жолдауларынан бастау алатынын білеміз. Биылғы жолдауда отандық сот жүйесіне қандай міндеттер жүктелді?

– Мемлекет басшысының жыл сайынғы жолдауларының ел іргесін бекітіп, ел еңсесін тіктеуде ықпалы орасан. Алдағы кезеңде атқарылар межелерді белгілеп, мемлекеттің кешенді даму бағытын айқындап келе жатқан бұл стратегиялық құжат бүгінгі күнге дейін іргелі өзгерістердің өзегі болып келгені рас. Жолдаудың маңызы қоғамға қозғау салатын тетіктерді дер кезінде айқындап, тапсырма ретінде бекітіп, тәжірибеде қолдануға қол жеткізуінде. Бұған дейінгі жолдаулардың қай-қайсысының да маңызы бөлек. Президент тапсырмасының нәтижесінде отандық сотта озық жаңашылдықтар енгізіліп, көптеген реформалар жүзеге асырылды. Сот жұмысының сапасын жақсарту, сотқа деген сенімді нығайту, судьялар мен сот қызметкерлеріне қатысты талаптарды күшейту бойынша атқарылған іс-шралардың нәтижесі жоғары.

Ал жақында таныстырылған «Жаңа тарихи кезеңдегі Қазақстанның өзекті міндеттері» атты жолдаудағы сот саласына тікелей қатысты бірнеше міндетті айрықша атап өтуге болады. Оның біріншісі жаңадан құрылған Алатау қаласында инвестициялық сотты қалыптастырумен байланысты. Мұнда ағылшынның жалпы құқық моделіне негізделген инвестициялық сот құру жоспарланып отыр. Арнайы соттың құрылуы жалпы республикадағы инвестициялық дауларды оңтайлы шешу механизмін қалыптастырары анық. Екіншіден, азаматтық заңнаманы жаңарту мәселесі көтерілді. Бұл да заң, құқық алаңында біраздан бері айтылып, жазылып жүрген, көпшілік көкейіндегі мәселе. Сонымен бірге, заң үстемдігі мен құқықтық тәртіпті нығайту, кәсіпкерлер мен инвесторлар мүддесін Конституция негізінде қорғау қажеттігі атап көрсетілген.

– Азаматтық кодекс – еліміздегі ең жиі қолданылатын негізгі заңның бірі. Отыз жыл бойы азаматтық құқықтық қатынастардың заңдық тұрғыда реттелуіне алғышарт болып келген бұл құжатты жаңғырту қандай қажеттіліктен туындады?

(Жалғасы 5-бетте)

ЖАҢҒЫРЫҚ

Желтоқсан көтерілісіне қатысқан қыршын жастардың бірен-сараны ғана бұл күндері қаһарман саналуда. Ал сол кездегі алаңда қанға бөккен жастар қаншама. Олардың көбі солдат күрегінің өткір жүзіне туралып қор болды. Әттең, сол қыршынынан қиылған боздақтар есімі әлі күнге толық ашылмай жатыр. Тіпті, олардың есімі елге белгісіз боп келгені өз алдына, көбі сол кездегі «маскүнем, нашақор, т.б.» деген жаман аттан арыла алмай өмірден өтті. Бұл қаншама отбасына қайғы-қасірет алып келді десеңізші?! Көптеген ата-ана жазықсыз жаланың ауыр жүгін әлі күнге көтеріп келеді. Көтере алмағандары шерменде жүрегін кернеген қайғы-қасіретін ана дүниеге бірге алып кетті.

«Ананың аманаты» кітабының авторы, ұстаз, тарихшы, өлкетанушы «Батыс желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің құрметті ардагері Алдаберген Сәрсектің желтоқсан көтерілісінде қыршынынан қиылған Қалелова Гүлзада Нәбиқызы жайлы 26 жыл бойы жүргізген ғылыми-зерттеу еңбегі нәтижесін беріп, 2024 жылы ақталып шықты. Аманатты орындаған азаматтың зерттеуін кітаптан ықшамдап назарларыңызға ұсынып отырмыз.


Сәрсек Алдаберген Қайырғалиұлы,
ардагер ұстаз, тарихшы, өлкетанушы

37 ЖЫЛДАН СОҢ АҚТАЛҒАН ҚЫРШЫН ҒҰМЫР

Кездейсоқ табылған құжат

Гүлзаданың ісі жөніндегі құжатқа сталиндік репрессияға ұшырағандарды ақтау жұмысын атқару үшін 1997 жылы аудан әкімінің тапсырмасымен облыстық қауіпсіздік комитетінің мұрағатына барғанда кез болдық. Оған дейін ол жас қызды танымаймыз да, Желтоқсан көтерілісі жөніндегі әңгімені қозғау ойымызда да болған жоқ.

Мұрағатта жұмыс істеп жүрген кезде ойламаған жерден қолымызға тиген ақ папкінің ішіндегі хаттамада Гүлзаданың желтоқсан оқиғасынан кейін ұсталғанда заң орындарына берген жауабы жазылған екен. Өзі біздің ауданның Лбішін ауылынан болып шықты. Әуелден таныс болмасақ та еліміздің тәуелсіздігі жолында қыршын кеткендер қатарында біздің ауданнан да адам бар екенін ойлап ішіміз елжіреп кетті де, «мынау керек болады-ау» дегендерін көшіріп жазып алдық. Ойымызда бөтен ой болған жоқ. Алайда мұрағаттан шығарда есік алдында отырған кезекші «мұны алуға болмайды» деп құжаттардың бәрін сыпырып алып қалды. «Не үшін?» деген сұраққа жауап берілмеді.



(Жалғасы 8-бетте)

БІЛГЕН ЖӨН

Азаматтардың несие және басқа да қаржылық міндеттемелерге байланысты қиындықтарға тап болуы жиі кездеседі. Кейбірінің тұрақты табысы болғанымен, белгілі бір себептерге байланысты қарызын уақытылы өтеу мүмкіндігі төмендейді. Ал қарыз мәселесін шешудің бір жолы – азаматтың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану.

ТӨЛЕМ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН ҚАЙТА ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУДІҢ ТИІМДІЛІГІ НЕДЕ?



Мұндай құқықтық механизм 2023 жылғы 3 наурызда «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңында жан-жақты қамтылған. Аталған заң азаматтарға қаржылық қиындықтарды шешудің соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру деген үш рәсімін ұсынады. Бұл рәсімдердің әрқайсысының өзіндік мақсаты мен қолдану шарты бар.

Ал төлем қабілеттілігін қалпына келтіру – азаматтың қарызын бірден толық өтей алмағанымен, тұрақты табысы немесе қарызын жабуға мүлкі болған жағдайда, берешегін белгілі бір мерзім ішінде өтеуге мүмкіндік беретін сот рәсімі. Бұл рәсімнің басты ерекшелігі – азаматты банкрот деп тану емес, керісінше оның қаржылық жағдайын тұрақтандыру және қарызын өтеу мүмкіндігін сақтау.

Заңға сәйкес, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану үшін азаматтың тұрақты табысының болуы және оған тиесілі мүлік құнының міндеттемелерінен жоғары болуы шарт. Мысалы, азаматтың ай сайынғы тұрақты жалақысы бар делік. Бірақ оның бірнеше кредиті бойынша ай сайынғы төлем жиынтығы отбасының нақты қаржылық мүмкіндігінен асып кеткен. Мұндай жағдайда азамат өзінің табысын, мүлкін және кредиторлар алдындағы міндеттемесін ескере отырып, қарызын кезең-кезеңімен өтеу үшін сотқа жүгіну мүмкіндігін қарастыра алады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі ең алдымен табысы бар, бірақ қазіргі қарыздық жүктемесін бұрынғы тәртіппен өтеуде қиындық көріп отырған азаматтар үшін тиімді. Мұнда бір маңызды мәселені түсіну қажет: қарыздың болуының өзі автоматты түрде азаматты банкрот деп тануға немесе төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдануға негіз болмайды. Әрбір жағдай азаматтың табысы, мүліктік жағдайы, міндеттеме көлемі және оларды орындау мүмкіндігі тұрғысынан бағаланады. Сондықтан азамат өзінің қаржылық жағдайын нақты бағалап, заңда белгіленген талаптарға сәйкес келетін-келмейтінін анықтауы қажет.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі сот тәртібімен жүзеге асырылады. Азамат тиісті өтінішті өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа береді. Сот істі қарау барысында азаматтың қаржылық жағдайын, оның мүлкін, кірісін және кредиторлар алдындағы міндеттемесін ескереді. Рәсім барысында қаржы басқарушысы маңызды рөл атқарады. Ол азаматтың қаржылық жағдайын талдауға, кредиторлардың талабын анықтауға және төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын әзірлеуге қатысады.

Қалпына келтіру жоспары – рәсімнің негізгі құжаттарының бірі. Онда азаматтың қарызын қандай тәртіппен және қандай мерзім ішінде өтеуге болатыны көрсетіледі. Заңнамада мұндай жоспар шеңберінде қарызды кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу, тұрақты төлемді азайту, пайыздық мөлшерлемені төмендету және төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған заңға қайшы келмейтін өзге де шараларды қолдану мүмкіндігі көзделген.

Жалпы алғанда, жоспардың негізгі мақсаты – бір жағынан азаматтың күнделікті өмір сүруіне қажетті қаражатын сақтау, екінші жағынан кредиторлардың талабын заңда белгіленген тәртіппен орындау арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспары қарыздарды бөліп төлеуді көздейді және оның іске асырылу мерзімі бес жылға дейін болуы мүмкін. Бұл азамат үшін маңызды мүмкіндік. Себебі кей жағдайда барлық берешекті бірден өтеу мүмкін болмағанымен, тұрақты табыстың есебінен оны бірнеше жыл ішінде кезең-кезеңімен өтеуге мүмкіндік болады.

Парида БАЙНАЗАРОВА,
Қарақия аудандық сотының судьясы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

ОҢ ҚАДАМ

ЦИФРЛАНДЫРУ СОТ ЖҰМЫСЫН ЖЕҢІЛДЕТТІ

Заман алға жылжыған сайын, оның тәртібі де, талабы да өзгеріп жатыр. Сол секілді сот саласында қызмет ететін мамандарға да артылатын жауаптылық үлкен. Бұрын сапалы білім, тыңғылықты тәжірибе басты орында тұрса, бүгінде бұған цифрлық сауаттылық, жаңа технологияның тілін меңгеру қажеттілігі қосылды. Себебі, сот саласы басқа мемлекеттік құрылымдармен салыстырғанда жұмысына жаңа технология жетістіктерін енгізген жетекші құрылым саналады.

Сот жұмысына қатысты пікір ең алдымен сот мамандарының қызметі мен біліміне қарап қалыптасады. Бұдан да маңыздысы – сот қызметкерлерінің әдебі мен түсіністігі. Сот табалдырығын аттаған азаматтар жылы қабақ танытып, білмеген тұсын түсіндіріп, дұрыс бағыт-бағдар берген қызметкерлерге қарап барша сот жүйесіне баға береді. Бір маманның ойсыз әрекеті, дөрекі жауабы барша құрылымның бет-бейнесіне көлеңке түсіруі мүмкін. Сондықтан сот әкімшілігінің бастамасымен семинар, тренингтер тұрақты ұйымдастырылып, мемлекеттік қызметшілерге тән әдеп стандарттары мен өзін-өзі ұстау мәдениеті, азаматтармен сенімді қарым-қатынас орнату тетіктері жан-жақты түсіндіріледі.

Цифрландыру – сот жұмысының тиімділігін арттыруға көмектесетін құрал. Бүгінде сот қызметкерлері сандық технология мен жасанды интеллект жетістіктерін тыңғылықты меңгерген. «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің жұмысы да толық жолға қойылды. Соның арқасында азаматтар өзіне ыңғайлы жерде отырып сотқа талап-арыз, материалдарын жолдап, ұсыныстары мен сұраныстарын да онлайн алу мүмкіндігіне ие. Заманауи технология сот қызметкерлерінің жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Қызметтердің көпшілігі онлайн көрсетілетін болса, сот отырыстары да дыбыс-бейнежазу құрылғылары арқылы таспаға жазылатындықтан сот хатшыларына енді баяғыдай ұзын-сонар хаттама жазудың қажеттілігі жоқ. Тіпті, сот отырыстарын қайта қарауға өтініш түскен жағдайда жазбаны таспаға түсіріп, дискісін табыс ету оңай әрі сенімді.

Бұл жаңашылдықтар азаматтардың сотқа жүгіну тәртібін жеңілдетіп қана қоймай, сот қызметкерлерінің күнделікті жұмысын да бір жүйеге түсірді. Бұрын көп уақытты қажет ететін бірқатар ұйымдастырушылық процестер автоматтандырылып, сот қызметкерлерінің уақытын үнемдеуге мүмкіндік берді. Сондай-ақ сот отырыстарын ұйымдастыру, қатысушыларды хабардар ету, құжаттарды тіркеу, мұрағаттау, статистикалық мәліметтерді жинақтау және талдау сияқты жұмыстар заманауи ақпараттық жүйелер арқылы тиімді орындалуда.

Жасанды интеллектті меңгеру де – сот қызметкерлері үшін қажетті қадам. Жасанды интеллектті қолдану сот өнідірісіндегі үлкен көлемдегі құжаттарды сұрыптауға, қажетті ақпаратты іздеуге, мәтіндерді тануға, дыбыстық және бейнежазбаларды мәтінге айналдыруға, статистикалық деректерді талдауға айтарлықтай көмегін тигізіп отыр. Мұндай игіліктер сот қызметкерлерінің техникалық және қайталанатын жұмыстарға жұмсайтын уақытын қысқартып, негізгі міндеттеріне көбірек көңіл бөлуіне мүмкіндік береді. Жасанды интеллекттің азаматтарға қажетті ақпаратты жылдам табу, сот қызметтерін пайдалану тәртібін түсіну және құжаттарды рәсімдеу кезінде ақпараттық қолдау алуға көмектесу сияқты артықшылықтары бар. Міне, осындай заманауи жетістіктерді жетік меңгеру арқылы сот қызметкерлері өзінің қабілет-қарымын арттырып қоймай, саланың да жаңа биікке жетуіне ықпал етуде.

Әлия БАЙБАТЫРОВА,
Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу соты әкімшісінің басшысы

МЕЖЕ

ҚАЗАҚША ҚҰЖАТ ӘЗІРЛЕУМЕН МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛМЕЙДІ

Мемлекеттік тілдің мәртебесін нығайту, барлық салада кеңінен қолдану – ел дамуының басым бағытының бірі. Бұл ретте сот жүйесінде, соның ішінде әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соттарда қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту ерекше маңызға ие.

Сот – заң үстемдігі қамтамасыз етілетін, азаматтардың құқығы мен бостандығы қорғалатын маңызды мемлекеттік институт. Сондықтан сот ісін жүргізу барысында мемлекеттік тілдің талапқа сай қолданылуы тек тіл саясатының міндеті ғана емес, сонымен қатар заңдылықты сақтау мен құқықтық мәдениетті қалыптастырудың негізгі шарты саналады.

Қазақстан Республикасының Конституциясында қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бекітілген. Ал сот ісін жүргізуде тіл мәселесі тиісті заңнамалық нормалармен реттеледі. Осы талаптарды сақтау сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін қамтамасыз етуге ықпал етеді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі істерді қарау барысында заң талаптарының дәл әрі біркелкі орындалуы аса маңызды. Іс материалдарының сауатты рәсімделуі, процессуалдық құжаттардағы құқықтық терминдердің дұрыс қолданылуы және сот актілерінің мазмұнының түсінікті болуы істің сапалы қаралуына тікелей әсер етеді.

Құжаттарды мемлекеттік тілде дұрыс әзірлеу – заң бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік беретін маңызды шараның бірі. Өйткені құқықтық нормалардың бұрмаланбай жеткізілуі, процесс қатысушыларына олардың құқығы мен міндетінің нақты түсіндірілуі сот процесіндегі түсінбеушілікті азайтады. Ал заң талаптарының сақталуы азаматтар құқығын қорғауға және сот төрелігінің сапасын арттыруға жағдай жасайды.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданысын кеңейту тек қазақ тілінде құжат әзірлеумен шектелмейді. Бұл – құқықтық ойды сауатты жеткізу, заң терминдерін бірізді қолдану, ресми құжаттардың тілдік сапасын қамтамасыз ету және азаматтармен қарым-қатынаста кәсіби әдепті сақтау мәдениеті. Осы тұрғыдан алғанда, сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін жетілдірудің маңызы зор. Әкімшілік заңнамадағы терминдерді дұрыс қолдану, процессуалдық құжаттарды сауатты рәсімдеу және сот актілерін түсінікті тілмен жазу кәсіби жауапкершіліктің ажырамас бөлігі болуы тиіс. Сот органдарында мемлекеттік тілде іс жүргізу мәдениетін арттыру мақсатында оқыту семинарларын өткізу, әдістемелік ұсынымдар әзірлеу және құжаттардың сапасын тұрақты бақылау өз нәтижесін беретін жұмыстардың қатарында. Мұндай шаралар іс жүргізудегі олқылықтардың алдын алып қана қоймай, мемлекеттік тілдің құқық саласындағы беделін арттыруға да ықпал етеді.

Мемлекеттік тілде сот төрелігін жүзеге асырудың тиімділігі сот қызметкерлерінің ғана емес, бүкіл қоғамның құқықтық мәдениетіне байланысты. Әрбір азаматтың сот процесінде өзіне түсінікті тілде ақпарат алуына, іс материалдарымен танысуына және заңда көзделген тәртіппен өз ұстанымын білдіруіне мүмкіндік берілуі қажет. Бұл ретте сот ісін жүргізудің тілі қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындалатынын ескеру маңызды. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру өзге тілдерді қолдануға қатысты заңды құқықтарды шектеуді емес, қазақ тілінде сапалы әрі қолжетімді сот қызметін қамтамасыз етуді көздейді. Сот актілерінің мазмұны түсінікті әрі сауатты болған жағдайда азаматтардың қабылданған шешімдердің мәнін ұғынуы жеңілдейді. Бұл сотқа деген сенімді нығайтып, қоғамда заңға құрметпен қарау қағидатын орнықтыруға көмектеседі.

Сондықтан мемлекеттік тілде сауатты құжат әзірлеу, заң терминдерін дұрыс қолдану, сот актілерінің түсініктілігін қамтамасыз ету және азаматтарға сапалы құқықтық ақпарат ұсыну – сот қызметінің маңызды көрсеткіштері. Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі орнының нығаюы – ұлттық құндылықтарды дәріптеумен қатар, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және қоғамның құқықтық мәдениетін көтеруге қызмет ететін маңызды міндет.

Н.САМЕНДИРОВА,
Ақтау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сот әкімшісінің басшысы

КЕСЕЛ

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛІН ТӨМЕНДЕТЕДІ

Сыбайлас жемқорлық орын алған ортада даму да өсу де болмайды. Керісінше жеңұшынан жалғасу азаматтардың мемлекеттік органдарға қатысты теріс көзқарасын қалыптастырып, елдің ертеңіне деген сенімін төмендетеді. Яғни, сыбайлас жемқорлық тазалыққа, әділдікке, адалдыққа, теңдікке керегар. Ал мұндай кеселмен күрес тек мемлекеттік органдар ғана емес, бүкіл қоғам атсалысқанда нәтижелі болады.

Сол себепті елімізде барлық мемлекеттік органдар жемқорлықтың алдын алып, сыбайластыққа жол бермеу үшін ауқымды жоспар құрып, кешенді іс-шараларды жүзеге асырып келеді. Осы қатарда әділет органдары да бар. Бұл құрылым сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру жұмыстарының басында тұр. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың негізгі баптары, жеңұшынан жалғасқандарға берілетін жаза мен жауаптылық мәселелері әділет органдары ұйымдастырған дөңгелек үстел, кездесулердің басты тақырыбына айналған. Басты міндеті – заңдылықты қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру және олардың мемлекетке деген сенімін нығайту болғандықтан, әділет саласының әрбір қызметкері азаматтарға заңды сақтаудың жарқын үлгісін көрсетіп, айналасындағыларға құқықтық кеңес беруді негізгі борышы деп санайды.

Қызметтік өкілеттіктерді жеке мүдде үшін пайдалану, азаматтардың өтініштерін қарау кезінде заң талаптарын бұзу немесе қандай да бір артықшылық ұсыну әділет органы қызметкерлерінің беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер. Өздері қызмет етіп отырған саланың атына кір келтірмеу үшін қызметкерлер заңнама талаптарын қатаң сақтап, әдеп нормаларын бұзбауға күш салады.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес бір күннің ішінде орындалып, бір сәтте нәтиже бермейтіні кімкімге де белгілі. Бұл жүйелі де сауатты жоспарды қажет ететін, тындырымды да үздіксіз іс-шаралар өткізуге міндеттейтін мәселе. Әрі жемқорлықпен бірлі-жарым құзырлы орган емес, барша халық бірігіп күрескенде сыбайластықтың тамырына балта шабылары хақ.

Жемқорлыққа қарсы іс-қимыл тек заң бұзушылықты анықтаумен, қиыс басқан адамды жауаптылыққа тартумен шектелмеуі керек. Ең алдымен, оның туындауына жол беретін себептер мен жағдайларды жою, құқық бұзушылықтың алдын алу және қызметкерлердің құқықтық жауапкершілігін арттыру аса маңызды. Әсіресе бүгінгідей цифрландыру заманында мемлекеттік қызметтегі бюрократия, қолдан жасалатын кедергілер жойылып, адами фактор айтарлықтай азайды. Мемлекеттік қызметтердің электрондық форматқа ауыстырылуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетудің тиімді құралы болып отыр. Электрондық қызметтерді дамыту, құжат айналымын автоматтандыру, азаматтардың өтініштерін электрондық форматта қабылдау мемлекеттік органдардың жұмысын ашық әрі қолжетімді етуге мүмкіндік беруде. Сонымен қатар бұл жаңашылдық бұрынғы кезек күту, көптеген мекемеден анықтама алу, құжаттар жинау секілді кедергілерді келмеске кетіріп, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілер арасындағы тікелей байланысты оңтайландырады. Ал ашықтық, қолжетімділік артқан кезде сыбайлас жемқорлыққа да жол берілмейтіні анық.

Хакім МАҚҰЛОВ,
Алматы қаласы Әділет департаменті Мемлекеттік кірістердің сомаларын өндіру бойынша аумақтық бөлімнің басшысы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ҚАЗАҚ ТІЛІ – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІК ПЕН ЕГЕМЕНДІКТІҢ ТІРЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)



суреттер Ақорданың ресми сайтынан алынды

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында сөйлеген сөзінде осы мәселеге айрықша тоқталып, мемлекеттік тілдің дамуын елдің стратегиялық мақсаттарымен сабақтастыра қарастырды. Президенттің айтуынша, қазақ тілі Тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі және ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы керек. Бұл – жай ғана декларация емес, ұлттық мемлекеттіліктің мазмұнын айқындайтын ұстаным.

Мемлекет басшысы қазақ тілінің конституциялық мәртебесіне ерекше назар аударды. Президент Конституция мәтінін әзірлеу жұмысына өзі де тікелей қатысқанын айтып, әрбір сөз бен бапқа жауапкершілікпен қарағанын жеткізді. Бұл ретте «Тәуелсіздік» және «Егемендік» ұғымдарын бас әріппен жазу туралы шешімнің символдық мәні зор. Өйткені тілдегі әрбір ұғым ұлттық сананың қалыптасуына, елдік құндылықтардың ұрпақ жадында орнығуына ықпал етеді. «Қазақ тілі тәуелсіздігіміздің мызғымас символы, Отанымыздың мемлекеттік тілі, ұлтымыздың мәңгілік жаны ретінде қабылдануы қажет. Басқа көзқарастың болуы мүмкін емес», – деді Президент.

Мемлекет басшысы мемлекеттік тілдің қуаты елдің экономикалық, ғылыми және технологиялық дамуымен де тығыз байланысты екенін атап өтті. Экономикасы өркендеген, инновациялық әлеуеті жоғары, әлемдік бәсекеге қабілетті мемлекет қалыптастырмайынша, тілдің де халықаралық беделін арттыру қиын. Демек, қазақ тілінің дамуы тек тіл саясатының аясында емес, білім, ғылым, экономика, мәдениет және технология салаларындағы жетістіктермен бірге қарастырылуы қажет.

Қазақ тілі және цифрландыру

Президент сөзіндегі маңызды бағыттардың бірі – қазақ тілінің цифрлық кеңістіктегі әлеуетін арттыру. Бүгінде ана тіліміз білім беру жүйесінде, мәдениет пен креативті индустрияда, ақпараттық технологиялар саласында кеңінен қолданылып келеді. Мәселен, биыл мектеп табалдырығын аттаған оқушылардың 71 пайызы қазақ сыныптарына қабылданған. Былтыр баспадан шыққан алты мыңнан астам кітаптың 70 пайызы қазақ тілінде жарық көрген. Ал биыл елімізде түсірілген 71 фильмнің 63-і ана тілімізде ұсынылған. Бұл көрсеткіштер қазақ тіліндегі білім мен мәдени өнімдерге деген сұраныстың артып келе жатқанын аңғартады.

Мемлекет басшысы қазақ тілінің жасанды интеллект жүйелеріндегі қолданысына қатысты халықаралық технологиялық компаниялардың зерттеулерін де мысалға келтірді. OpenAI зерттеуінде қазақ тілі соңғы үш жылда жасанды интеллект жүйелеріндегі қолданыс аясы қарқынды кеңейіп келе жатқан тілдердің қатарына енген. Google компаниясы қазақ тілін Gemini тілдік моделіне енгізген. Ал Yandex дерегіне сәйкес, олардың бірқатар өнімін қазақ тілінде пайдаланушылар саны да өсіп келеді. Алайда цифрлық кеңістіктегі мүмкіндіктерді толық пайдалану үшін жүйелі жұмыс қажет. Президент ең алдымен қазақ тілінің ұлттық цифрлық деректер қорын қалыптастыру міндетін қойды. Бұл үшін кітапханалар мен мұрағаттарда сақталған кітаптарды, мерзімді басылымдарды, аудио және бейнематериалдарды, музей қорларын цифрлық форматқа көшіру қажет. Мұның стратегиялық маңызы зор. Өйткені цифрлық деректер қоры – жасанды интеллектті қазақ тілінде дамытуға, ұлттық мұраны сақтауға және келешек ұрпаққа жеткізуге негіз болатын ресурс. Сонымен қатар инженерия, медицина, құқық, экономика және ақпараттық технологиялар салаларын қазақ тілінде меңгеруге мүмкіндік беретін сапалы оқулықтар мен оқу құралдарын әзірлеу міндеті де күн тәртібіне қойылды.

Яғни, қазақ тілі тұрмыстық қарым-қатынас құралы ғана емес, кәсіби білім мен ғылыми ізденістің толыққанды тіліне айналуы тиіс.

Тәжірибеде бірізділік керек

Президент көтерген тағы бір өзекті мәселе – қазақ тіліндегі терминдер мен сөз қолданысының бірізділігі. Қазіргі уақытта бір ұғымның бірнеше нұсқада қолданылуы, кейбір терминдердің әртүрлі түсіндірілуі тілдік ортада түсінбеушілік туғызады. Бұл мәселені жүйелі түрде шешу үшін емле мен ережелерді ретке келтіріп, сөздіктерді жаңарту қажеттігі айтылды.

Мемлекет басшысы Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі соңғы рет мемлекеттік деңгейде 1983 жылы бекітілгенін еске салды. Одан кейін түрлі сөздіктер жарық көргенімен, олардың ешқайсысы мемлекеттік деңгейде бекітілмеген. Сондықтан қазақ тілінің орфографиялық жүйесін ғылыми тұрғыдан зерделеп, жаңарту жұмысын келесі жылдың соңына дейін аяқтау міндеті қойылды. Сонымен бірге Президент тілге жаңа сөздерді енгізуде ғылыми негіз бен табиғи тілдік қолданысты басшылыққа алу керектігін атап өтті. Кейбір жасанды баламалардың өміршеңдігіне күмән келтіріп, тілдің табиғи дамуына, қалыптасқан қолданысына құрметпен қарау қажеттігін жеткізді.

Бұл жерде көтерілген мәселе – тілдің тазалығы ғана емес, оның түсініктілігі мен қоғамдық қолданыстағы тұрақтылығы. Осы жұмыстарды үйлестіру үшін кәсіби тіл мамандары, ғалымдар, сарапшылар мен қоғам өкілдерінен арнайы жұмыс тобын құру ұсынылды. Оның қызметін үйлестіру Президент Әкімшілігіне жүктелмек.

Тілдің халықаралық аясы кеңеюі тиіс

Мемлекет басшысы қазақ тілінің халықаралық тілдер кеңістігіндегі орнын нығайту мәселесіне де тоқталды. Бұл бағытта «Қазақ тілі» қоғамы жүзеге асырған Oxford Qazaq Dictionary жобасын жалғастыру қажеттігі айтылды. Сонымен қатар қазақ тілін Біріккен Ұлттар Ұйымының негізгі ресми тілдерімен және басқа да әлемдік тілдермен байланыстыратын сапалы екітілді, көптілді сөздіктер әзірлеу міндеті қойылды. Атап айтқанда, қазақ-француз, қазақ-испан, қазақ-қытай, қазақ-араб, қазақ-неміс, қазақ-итальян, қазақ-жапон, қазақ-корей және қазақ-парсы сөздіктерін жасау қажеттігі атап өтілді. Бұл бастамалардың мәні зор. Себебі, тілдің халықаралық байланысы артқан сайын оның ғылыми, мәдени және экономикалық ықпалдастықтағы мүмкіндіктері де кеңейеді. Қазақ тіліндегі сапалы контентті көбейту, оны үйренуге арналған цифрлық өнімдер әзірлеу, балаларға арналған фильмдер мен ойындар шығару да осы міндеттің құрамдас бөлігі.

Қоғамдық келісім тұғыры

Президенттің сөзінде мемлекеттік тілдің ел бірлігін нығайтудағы рөліне де айрықша мән берілді.Мемлекет басшысы қазақ тілін дамыту еліміздегі өзге тілдердің дамуына кедергі келтіру емес екенін нақты айтты. Бір тілді екінші тілге қарсы қоюға, тіл мәселесін қоғамдық жанжалдың құралына айналдыруға болмайтынын ескертті. Бұл – көпэтносты Қазақстан қоғамы үшін маңызды ұстаным. Қазақ тілін меңгеруге ниетті азаматтарға қолайлы жағдай жасау, тиімді әдістемелер мен цифрлық оқу құралдарын әзірлеу – ортақ міндет. Мемлекеттік тілді білетін өзге этнос өкілдерінің еңбегін бағалау да қоғамдық келісімді нығайта түседі. Президенттің айтуынша, қазақ тілін меңгерген адам қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек танып, Қазақстанды жақынырақ түсінеді.Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік тіл – ұлтты ұйыстыратын ортақ құндылық әрі азаматтық бірегейлікті қалыптастыратын маңызды фактор.

Жаңа бастамаларға өріс керек

Құрылтайда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының тіл саласынан тыс қоғамдық маңызы бар бастамалар да сөз болды. Атап айтқанда, «Дала орманы» жобасы таныстырылды. Ұйым серіктестерімен бірлесіп, бір жылдың ішінде 400 гектар аумаққа бес миллион түп ағаш еккен. Нәтижесінде еліміздің үш облысында төрт ірі орман питомнигі құрылған. Жоба аясында ауылдар маңынан 25 гектар, аудан орталықтарының жанынан 50 гектар, ал ірі қалалардың маңынан 100 гектар аумақта көшет өсіретін саябақтар ашу жоспарланып отыр. Мемлекет басшысы бұл бастаманы қолдап, Үкімет пен әкімдіктерді де атсалысуға шақырды.

Бұл жобаның ерекшелігі – қоғамдық ұйымның тіл мәселесімен қатар экологиялық жауапкершілікті де өз қызметінің маңызды бағытына айналдыруында. Тіл мен табиғатқа қамқорлықты бір арнаға тоғыстыру – ұлттық құндылықтарды нақты іспен ұштастырудың үлгісі.

Осы тұста Президенттің «Таза Қазақстан» идеясын тіл тазалығымен, қоғамдық мәдениетпен және азаматтық жауапкершілікпен байланыстыруы ерекше назар аудартады. Өйткені өркениетті қоғам қалыптастыру тек жаңа ғимараттар салумен немесе экономикалық көрсеткіштерді арттырумен шектелмейді. Ол адамның сөйлеу мәдениетінен, өзара сыйластығынан, заңға құрметінен, қоғамдық ортаға деген жауапкершілігінен көрінеді.

Тоқетерін айтқанда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының X құрылтайында айтылған ойлар мемлекеттік тіл саясатының жаңа кезеңіне бағдар берді. Ендігі міндет – белгіленген бағыттарды нақты жобаларға айналдырып, олардың орындалуын жүйелі қамтамасыз ету. Мемлекет басшысы атап өткендей, қазақ тілі – ұлт бірлігінің мызғымас тұғыры. Оны дамыту – бір мекеменің немесе жекелеген азаматтардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ФОРУМ

Астанадағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде «Отандастар кездесуі: жастар форумы» атты шара өтті. Оны «Отандастар қоры» қандас студенттердің кәсіби және жеке әлеуетін ашуға, олардың Қазақстан қоғамына табысты интеграциялануына және білім, еңбек, кәсіпкерлік мүмкіндіктерін тиімді пайдалануына жағдай жасау мақсатында ұйымдастырды.

«ЖАСТАР. МҮМКІНДІК. БОЛАШАҚ»

«Жастар. Мүмкіндік. Болашақ» деген атаумен ұйымдастырылған форумға Қазақстанда білім алып жатқан Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан және тағы басқа да шет мемлекеттерден келген 500-ден аса қандас студент қатысты. Ашық диалог, мотивациялық сессиялар және networking форматында өткен іс-шара жастарды Қазақстандағы білім, еңбек және кәсіби даму мүмкіндіктерімен таныстыруға арналды. «Отандастар қоры» КЕАҚ президенті Ырысқали Дәуренбектің айтуынша, форумның негізгі идеясы: «Сен Қазақстанға жай ғана оқуға келген жоқсың. Сен – Қазақстанның жаңа толқынысың!», ал ұраны – «Арман ет. Мақсат қой. Әрекет ет. Нәтижеге жет». Форум бағдарламасы аясында төрт мотивациялық сессия өтті. Атап айтқанда, «Білім. Құндылық. Болашақ» деген сессияда спикер Ырысбек Мәуіт білімнің адам өміріндегі орны, ұлттық құндылықтар және жастардың бәсекеге қабілеттілігі туралы ой бөлісті. «Арманнан нәтижеге дейін» деген сессияда спикер Сырымбек Тау – өзіне сену, мақсат қою, қиындықтарды еңсеру және нәтижеге жетудің нақты жолдарын айтты. «Өзіңді дамыту – өз болашағыңды қалыптастыру» деген сессияда спикер Лариса Алдаберген тұлғалық даму, көшбастышылық және жауапкершілік тақырыбын қозғады. «Жас кәсіпкер жолы: идеядан іске дейін» деген сессияда спикерлер Салтанат Жұмакелдіұлы және Адуын Бақбол жас кәсіпкердің алғашқы қадамдары мен тәжірибесін бөлісті. Сессиялардан кейін спикерлер мен студенттер арасында ашық пікірталас өтті. Қатысушылар білім алу, жұмысқа орналасу, кәсіпкерлік және Қазақстандағы мүмкіндіктер жөнінде сұрақтарын қойып, тәжірибелі мамандардан практикалық кеңес алды. Форум соңында «OQ-startup» шығармашылық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Байқау форум қарсаңында қандас студенттер арасындағы инновациялық, әлеуметтік және шығармашылық идеяларды анықтау және қолдау мақсатында өткізілген болатын.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»



КӨРМЕ

Димаш Құдайбергеннің DIMENSIONS әлемдік турындағы жанкүйерлер кеші аясында «Қазақстан – менің көзіммен» халықаралық шығармашылық байқауының көрмесі өтті. Оған Жапония, Нидерланд, БАӘ, Грузия, Катар, Ресей, Моңғолия, Өзбекстан, Қырғызстанда тұратын қазақ балаларының өз қолымен салған суреттері қойылды.

«ҚАЗАҚСТАН – МЕНІҢ КӨЗІММЕН»



Көрменің мақсаты – Қазақстанның мәдениетін, ұлттық өнерін, салт-дәстүрі мен тарихи-мәдени мұрасын халықаралық деңгейде насихаттау, сондай-ақ шетелдегі қазақ мәдени орталықтарының өзара ынтымақтастығын нығайту.

Сурет көрмесі қазақ дәстүрі, испан өнері мен Димаш шығармашылығы тоғысқан кең мәдени бағдарламамен қатар өтті. Димаштың әлемнің әр түкпірінен Испания астанасына арнайы келген жанкүйерлері, Еуропаның 20-ға жуық елінен келген қазақ диаспорасының басшылары және Испаниядағы отандастар жиналған бұл шараны Отандастар қоры Мадридтегі қазақ мәдени орталығымен бірлесіп ұйымдастырды.

«Қазақстан – менің көзіммен» байқауына жіберілген жұмыстарда шетелдегі қазақ балалары тарихи Отанын, оның табиғатын, салт-дәстүрі мен мәдениетін өз көзімен бейнеледі. Жанкүйерлер мен шетелдік қонақтар үшін бұл суреттер Қазақстанды жаңа қырынан тануға мүмкіндік берді. Ол жас домбырашылар Әлинұр және Әлихан Амангелділердің орындауындағы «Балбырауын» және «Ер-Тұран» күйлерімен ашылды. Онда Севильядағы El Boti фламенко мектебінің өнерпаздары қазақтың «AQERKE» халық әніне фламенко стилінде би қойылымын ұсынды. «Наз» мемлекеттік би театрының әртістері «Шашу», «Қалыңдық биі», «Аққу», «Шернияз» және «Самғау» билерін көрсетті. Дизайнер Тәрбие Айдымбаеваның TARBIYA бренді ұлттық киім үлгілерін таныстырды.

Балаларға арналған бағдарлама аясында «Түркі тілдес мұғалімдері» ассоциациясының өкілі ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының «Тәтті ертегі» жобасымен шыққан «Шахматшы Қонжық» ертегі кітабын және Tildes KZ сөйлесу клубын таныстырды.

Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ЖАҢА ТАРИХИ КЕЗЕҢ:
ҮМІТ, СЕНІМ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ

Алматыда Президент жолдауының басым бағыттары талқыланды

Алматы қаласы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты А.П. Чехов атындағы орталық қалалық кітапханада «Жаңа тарихи кезең: үміт, сенім және жасампаздық» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Маңызды қоғамдық басқосу ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына арнаған жолдауын талқылауға, онда айқындалған стратегиялық міндеттер мен ел дамуының басым бағыттарын саралауға арналды.

Кездесудің негізгі мақсаты – Мемлекет басшысы ұсынған бастамалардың мән-маңызын кеңінен түсіндіру, олардың қоғам өміріндегі орнын айқындау және ел болашағына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде пікір алмасу. Басқосуға ғылым, білім, құқық қорғау және төтенше жағдайлар саласының өкілдері қатысып, жолдауда көтерілген мәселелерге кәсіби тұрғыдан талдау жасады.

Дөңгелек үстелдің құрметті қонақтары қатарында PhD докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің доценті, Алматы қаласы бойынша Денсаулық сақтау және білім беру сарапшылар кеңесінің төрағасы Эльмира Әуезова; филология ғылымдарының кандидаты, «Тұран» университеті Халықаралық қатынастар және дипломатия жоғары мектебінің қауымдастырылған профессоры Гүлнара Абрахматова; «PROFEXSPERT» компаниясының бас директоры, Қоғамдық кеңес сарапшысы Руслан Қалиоллаев; Алмалы ауданы прокуратурасының аға прокуроры Әсел Абдикаримова; Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінде Кадр және тәрбие жұмысы басқармасының аға инспекторы, азаматтық қорғау капитаны Ербол Ануарбеков болды. Сонымен қатар кездесуге Алматы технология және флористика колледжінің студенттері, Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің құтқарушылары мен жас өрт сөндірушілері қатысып, елдік мәселелерді талқылауға арналған тағылымды жүздесудің куәсі болды.

Алғашқы болып сөз алған Гүлнара Абрахматова Президент жолдауында белгіленген міндеттерге кеңінен тоқталды. Ол жолдауда көтерілген бастамаларды жүзеге асыру тек мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардың ғана емес, ел тағдырына бейжай қарамайтын әрбір азаматтың ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті. Оның пікірінше, жолдаудың мазмұнын терең түсініп, онда белгіленген мақсаттарға қол жеткізу жолында әр азамат өз үлесін қосуы қажет.

Эльмира Әуезова басқосудың тақырыбын жолдаудың идеялық мазмұнымен сабақтастыра отырып, «үміт», «сенім» және «жасампаздық» ұғымдарына тереңірек тоқталды. Ол аталған үш құндылықтың ел дамуы мен қоғамдық жаңғыру үдерісіндегі өзара байланысын саралап, әрқайсысының мәнін түсіндірді.

Руслан Қалиоллаев мемлекет дамуының маңызды шарттарының бірі – әр азаматтың өз ісіне жауапкершілікпен қарауы екенін алға тартты. Ол Президент айқындаған міндеттерді жүйелі әрі сапалы орындау, әр саланың кәсіби деңгейін көтеру және адал еңбек ету – елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратынын жеткізді.

Жолдаудағы құқықтық тәртіп пен заңдылық мәселелеріне қатысты ойларын ортаға салған Әсел Абдикаримова құжаттың жекелеген бағыттарына кеңінен тоқталып, олардың мазмұнын қатысушыларға түсінікті тілмен тарқатып берді. Ол мемлекеттік саясаттағы заң үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен қауіпсіздігін қорғау, қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелерінің өзектілігін түсіндірді.

Ербол Ануарбеков заманауи технологиялар мен құрылыс саласына қатысты міндеттерге назар аударды. Әсіресе азаматтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, төтенше жағдайлардың алдын алу және халықтың өмірі мен денсаулығын қорғау мәселелерін кеңінен қозғады.

Кездесу барысында айтылған ойлар мен ұсыныстар жолдаудың жекелеген салаларға ғана емес, тұтас қоғамның дамуына бағытталған маңызды стратегиялық бағдар екенін тағы бір мәрте айқындады. Әртүрлі сала мамандарының бас қосуы бір мәселені сан қырынан қарастыруға, кәсіби тәжірибе мен азаматтық ұстанымдарды тоғыстыруға жол ашты. Ал студенттер, құтқарушылар мен жас өрт сөндірушілердің қатысуы жас ұрпақтың ел өміріндегі маңызды мәселелерге қызығушылығын арттырып, олардың азаматтық көзқарасын қалыптастыруға ықпал етті.

Жалпы, «Жаңа тарихи кезең: үміт, сенім және жасампаздық» атты дөңгелек үстел мазмұнды пікірлер мен тағылымды ойларға толы болды. Кітапханада өткен бұл басқосу кітапхананың тек рухани-мәдени орталық қана емес, қоғамдық маңызы бар мәселелер талқыланатын, түрлі сала өкілдері бас қосатын зияткерлік алаң ретіндегі рөлін де айқындай түсті. Үмітті оятатын – сенім, сенімді нығайтатын – бірлік, ал сол құндылықтарды нақты нәтижеге айналдыратын – ортақ жауапкершілік пен қажырлы еңбек.

Нұрбек АЛПЫСБАЕВ,
А.П. Чехов атындағы кітапхана қызметкері



БЕЗБЕН

Заң үстемдігі – құқықтық мемлекеттің берік негізі, ал әділ сот – азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың басты кепілі. Қоғамның сотқа деген сенімі сот шешімдерінің заңдылығымен, ашықтығымен және әрбір адамның өз құқығын тиімді қорғай алуымен қалыптасады.

ӘДІЛ СОТ –
ЗАҢ ҮСТЕМДІГІНІҢ КЕПІЛІ



Абзал БАЛҒАБАЕВ,
ҚР Сот әкімшілігі Әскери соты департаментінің басшысы

Сотқа жүгінген әрбір адамның артында белгілі бір тағдыр, заңды мүдде және үміт тұрады. Сондықтан сот төрелігі – тек құқықтық рәсімдер жиынтығы емес, ол адамға, қоғамға және мемлекетке жүктелген үлкен жауапкершілік. Бұл қағидаттар Қазақстанның бірыңғай сот жүйесінің ажырамас бөлігі саналатын әскери соттарға да тікелей қатысты. Әскери қызметтің өзіндік ерекшеліктері болғанымен, сот төрелігінің басты өлшемі өзгермейді: заң алдында барлығы тең.

Әскери соттардың қызметі әскери ортадағы құқықтық қатынастардың ерекшеліктерін ескере отырып, заңдылықты қамтамасыз етуге және азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған.

Әскери атақ, лауазым немесе қызметтік мәртебе сот үшін шешуші фактор бола алмайды. Әрбір іс заң талаптарына сәйкес, дәлелдемелерді жан-жақты зерттеу және тараптардың құқықтарын сақтау негізінде қаралады. Өйткені әскери тәртіптің де, сот төрелігінің де негізі – заңдылық. Заңның үстемдігі қамтамасыз етілген жерде ғана әділдік пен құқықтық тұрақтылық орнығады.

Қазақстанның сот жүйесінде жүзеге асырылып жатқан реформалар да осы мақсатқа бағытталған. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап кассациялық соттардың жұмысын енгізу сот актілерін қайта қарау тетіктерін жетілдірудегі маңызды қадам болды. Мұндай өзгерістер азаматтардың сот төрелігіне қолжетімділігін кеңейтуге және сот актілерінің заңдылығын тексерудің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Сот төрелігінің сапасы тек судьяның қабылдаған шешімімен шектелмейді. Оның артында соттардың үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық, кадрлық және материалдық-техникалық жұмыстардың тұтас жүйесі тұр.

Бұл бағытта ҚР Сот әкімшілігінің Әскери сот департаменті маңызды міндеттерді атқарады. Департамент әскери соттардың қызметін ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық қамтамасыз етіп, соттардың қалыпты жұмыс істеуіне қажетті жағдайлар қалыптастырады.

Департаменттің кадрлық жұмысы қызметкерлерді іріктеп орналастырумен ғана шектелмейді. Кәсіби біліктілікті арттыру, жас мамандардың қалыптасуына жағдай жасау, қызметтік тәртіп пен мемлекеттік қызмет әдебін сақтау да маңызды бағыттарға жатады.

Сот жүйесінің тұрақты дамуы кәсіби әрі білікті кадрларға тікелей байланысты. Әскери соттарда судьялар корпусын қалыптастыру және тәжірибелі мамандарды даярлау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр.

2025 жылы әскери соттар жүйесіндегі 6 маман аудандық және оған теңестірілген соттардың судьялары болып тағайындалды. Бұл – сот саласында еңбек етіп жүрген мамандардың кәсіби өсуіне және кадрлық әлеуеттің нығаюына қосылған үлес.

Департамент сот приставтарының жұмысын ұйымдастырып, олардың қызметтік міндеттерін тиісінше орындауына қажетті жағдайлар жасайды. Сот приставтары сот отырысы залында қоғамдық тәртіпті сақтауға, сот ғимараттарын, судьялар мен процеске қатысушыларды күзетуге, сондай-ақ іс жүргізу әрекеттерін орындау кезінде сотқа жәрдемдесуге міндетті.

Бүгінде цифрлық технологиялар сот жүйесін дамытудың маңызды бағытына айналды. Электрондық сот ісін жүргізу, «Сот кабинеті», сот отырыстарын аудио-бейнетіркеу және электрондық құжат айналымы азаматтардың сотпен өзара іс-қимылын жеңілдетіп, сот қызметінің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар сот жүйесінде енгізіліп жатқан цифрлық көмекшілер мен жасанды интеллект негізіндегі құралдар құжаттарды әзірлеу, ақпаратты іздеу және жүйелеу, күнделікті ұйымдастырушылық процестерді оңтайландыру бағытында жаңа мүмкіндіктер ашып жатыр.

Әскери сот департаменті ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге және заманауи технологияларды сот қызметіне енгізуге ерекше көңіл бөледі. Алайда технология сот төрелігінің негізгі қағидаттарын алмастыра алмайды. Жасанды интеллект – судьяның тәуелсіздігі мен кәсіби пайымын алмастыратын құрал емес, оның жұмысын жеңілдетіп технологиялық мүмкіндік.

Сот шешімінің заңдылығы мен негізділігі әрдайым заңға, дәлелдемелерге және судьяның кәсіби бағалауына сүйенуге тиіс.

Департамент соттарда ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік құпияларды қорғау, ақпараттық жүйелердің тұрақты жұмыс істеуіне жағдай жасау және қызметкерлердің ақпаратпен жұмыс істеу тәртібін сақтау бағытында жұмыс жүргізеді.

Сот төрелігінің тиімділігі қабылданған шешіммен ғана емес, оның нақты орындалуымен де бағаланады. Өйткені сот актісі орындалмаған жағдайда, бұзылған құқық толық қалпына келтірілмейді. Осыған байланысты департамент сот актілерінің орындалу барысын талдауға, атқарушылық іс жүргізу органдарымен өзара іс-қимылды нығайтуға және орындалмай жатқан сот актілері бойынша тиісті шаралар қабылдауға басымдық береді.

2026 жылы әскери соттардың сот актілерін орындау шеңберінде мемлекет пайдасына 300 миллион теңгеден астам қаражат өндірілді. Бұл бағыттағы жұмыстың басты мақсаты – сот актілерінің уақытылы орындалуына ықпал ету, өндіріп алушылардың құқықтарын қорғау және атқарушылық іс жүргізу саласындағы заңдылықты нығайту.

Біздің басты ұстанымымыз айқын: әскери атақ та, лауазым да, қызметтік мәртебе де заңнан жоғары тұра алмайды. Сот алдында барлығы тең.

Әрбір іс – адамның тағдыры, оның құқығы мен заңды мүддесі. Сондықтан сот төрелігінің басты өлшемі – қаралған істердің саны емес, қабылданған шешімдердің заңдылығы, негізділігі және бұзылған құқықтардың тиімді қорғалуы. Заң үстемдігі берік орныққан жерде әділдік те орнығады. Ал әділ сот – құқықтық мемлекеттің мызғымас негізі.

КИЕ

ЕЛДІК МҮДДЕ ЖОЛЫНДАҒЫ
ОРТАҚ ІС

Әрбір тәуелсіз мемлекеттің ең басты құндылықтарының бірі – ана тілі. Бүгінде елімізде жүзеге асырылып жатқан тіл саясаты жаңа белеске көтеріліп, мемлекеттік тілдің қолданыс аясы қарқынды түрде кеңейіп келеді.

Бұл бағыттағы негізгі бағдар – «Қазақстанда тіл саясатын дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы». Құжатта мемлекеттік тілді ғылым, бизнес және цифрлық кеңістік тілі ретінде дамыту міндеті қойылған. Ал қойылып отырған маңызды межеге сәйкес, 2029 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген халық үлесін 84%-ға жеткізу көзделген.

ҚР Конституциясы мен «Тіл туралы» заңы мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындап, оның қоғамның барлық саласында, соның ішінде құқық қорғау және сот жүйесінде толыққанды қызмет етуін қатаң қамтамасыз етеді. Бүгінгі таңда рухани астанамыз – Түркістан өңірінде де сот төрелігін жүзеге асыру барысында мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейту – азаматтардың конституциялық құқықтарын сапалы қамтамасыз етудің және сот билігіне деген халықтың сенімін арттырудың ең маңызды тетігіне айналып отыр.

Қылмыстық-процестік, Азаматтық-процестік және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстерде сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізілетіні, ал қажет болған жағдайда орыс тілінде немесе басқа тілдерде қатар жүргізілетіні нақты көрініс тапқан. Бұл ретте заң талаптарының бұлжытпай орындалуы – сот корпусының басты міндеті. Соңғы жылдары сот өндірісінде қазақ тілінде түсетін талап арыздар, шағымдар мен іс материалдарының көлемі артып келе жатқаны байқалады. Бұл – қоғамдағы құқықтық сананың жаңарғанын, азаматтардың өз ана тілінде әділдік іздеуге деген ұмтылысының күшейгенін айқын көрсететін үрдіс. Сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асыру – судьялардың кәсіби борышы ғана емес, елдегі мемлекеттік тілдің беделін көтерудің нақты көрінісі.

Бүгінгі таңда сот жүйесін жаңғырту бағытында атқарылып жатқан ауқымды жұмыстар мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге де айтарлықтай ықпал етуде.

«Төрелік» ақпараттық жүйесі мен «ЕПСО» (Сот кабинеті) сервисі арқылы мемлекеттік тілде құжат тапсыру, іс материалдарымен танысу қарқынды жүруде. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеп қана қоймай, мемлекеттік тілдегі құқықтық ақпараттың қолжетімділігін арттырады.

Сот процестерін дыбыс, бейнежазбаға түсірілуі және олардың мемлекеттік тілде жүргізілуі сот жүйесінің ашықтығын қамтамасыз етіп, азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға жол ашуда.

Мемлекеттік тілдің сот саласындағы әлеуетін толық ашу үшін кәсіби терминологияны бірізді қолданудың маңызы зор. Заңнамадағы ұғымдардың қазақ тіліндегі баламаларын сот практикасында дұрыс қолдану – шығарылатын сот шешімдерінің сапасына тікелей әсер етеді.

Мемлекеттік тілде шығарылатын шешімдер мен үкімдердің мазмұны логикалық тұрғыдан жүйелі, құқықтық тілі бай, әрі қарапайым азаматқа түсінікті болуы шарт. Бұл бағытта судьялар мен сот қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, құқықтық терминология бойынша әдістемелік көмек көрсету жұмыстары жүйелі түрде жүргізіліп келеді.

Мемлекеттік тілдің дамуы – бір ғана ведомстволық немесе жекелеген саланың шешілетін мәселесі емес, бұл – бүкіл қоғамның ортақ ісі. Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясының кеңюі еліміздегі құқықтық мәдениеттің өсіп, заң үстемдігінің нығая түскенін паш етеді. Әрбір судьяның мемлекеттік тілде сапалы сот төрелігін жүргізуі – ел болашағы мен ұлттық мүддеге қосылған сүбелі үлес болып қала бермек.

Б. КӘРІМ,
Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы



Мақсұт ТЕКЕТАЕВ, *Маңғыстау облыстық сотының төрағасы:*

«СОТ ЖҮЙЕСІ ҮШІН ХАЛЫҚТЫҢ СЕНІМІНЕН АРТЫҚ АБЫРОЙ ЖОҚ»

Әрине, сын шын болғанда саланы да, мамандыды да шыңдайды, өсіреді. Ал қазіргідей әлеуметтік желі белсенділігі алға шыққан заманда сот жұмысына негізсіз араласу, орынсыз сынаудың да кездесетіні шындық. Ел Конституциясында нақтыланғандай, судья тәуелсіз және ол тек заңға ғана бағынады. Сондай-ақ соттың қызметіне араласуға жол берілмейді. Осындай заңды талапқа қарамастан, сот ісіне негізсіз араласып, ақпараттық қысым жасау деректері әлі де кездеседі. Сот шешімді қоғамдық пікірге, әлеуметтік желідегі жазбалар мен ақпарат құралдарындағы мақалалар мазмұнына сүйеніп қабылдамайды. Сот шешімі заңға және дәлелдемелерге негізделеді. Әрі шешім ақпарат алаңында емес, сот алаңында шығарылатынын қаперде ұстағанымыз жөн. Зайырлы, құқықтық мемлекетте осы қағида бұлжымай орындалуы тиіс.

(Соңы. Басы 1-бетте)

– АҚШ-тың тәуелсіздік декларациясын жазған автордың бірі, заңгер Томас Джефферсон: «Заңдар мен институттар адамзат санасының дамуымен бірге ілгерілеуі тиіс» десе, француз философы Шарль Луи Монтескье: «Заңдар қоғамның табиғаты мен қағидаларына сәйкес келуі керек» деп ой қорытқан. Расында қоғам дамиды, азаматтардың сана-сезімі өседі, сауаты артады. Соған сәйкес заңдар да жаңғыруы, қоғамның, адамның талабына сай өзгеруі тиіс. Ендеше, тәуелсіздіктің елең-алаңында қабылданып, отыз жыл халыққа құқықтық қорған болған Азаматтық кодексті де бүгінгі заманның талабына сай әзірлеу қалыпты үрдіс. Бүгінде цифрлық технологияға сүйенген қоғамның экономикасы ғарыштық жылдамдықпен өзгеруде. Жасанды интеллект, электрондық коммерция мен кәсіпкерліктің жаңа модельдері азаматтық-құқықтық институттардың жекелеген бағыттарын жетілдіруді қажет етіп отыр. Бұл жердегі негізгі мәселе – қолданыстағы құқықтық модельден толық бас тарту емес, оны қазіргі экономиканың қажеттіліктеріне сай жаңғыртуда болса керек.

Жаңа Азаматтық кодекс дайындауды тапсыра отырып Мемлекет басшысы халық үніне құлақ асатынын, төрелік алаңындағы түйткілдерге уақытылы мониторинг жасалып отырғанын дәлелдеді. Өйткені, бұл заңнаманың қамтитын аумағының кең екені, кейбір мәселелерде дәлдік жетіспейтіні, цифрлық ортада қорғаудың неғұрлым нақты тетігі жасалуы керектігі заңгерлер мен сот қауымдастығында жиі сөз болатын. Міне, Президент назар аударған бұл мәселе алдағы уақытта оң шешілеріне күмәніміз жоқ.

– Заңдардың тиімділігі теориялық тәпсірлеу барысында емес, тәжірибе кезінде бірден байқалады. Құқықтық құжаттарды сот алаңында қолданып жүрген тәжірибелі судья ретінде жаңа Азаматтық кодексте қандай өзгерістердің орын алып, қандай мәселелерге айрықша көңіл бөлінгені дұрыс деп ойлайсыз?

– Азаматтық кодексті жаңадан дайындау – еліміздің құқықтық жүйесін заман талабына сай жетілдіруге бағытталған бірегей қадам. Мұндай маңызды заңды тәжірибелі заңгерлер мен білікті практик, ғалымдардан құралған жұмыс тобы азаматтық қоғаммен бірлесе дайындаса нәтижелі болады. Әрі қоғам талап етіп отырғандай заңның түпнұсқасы мемлекеттік тілде дайындалғаны дұрыс. Тәуелсіздік алған отыз бес жылдың ішінде қазақтілді заңгерлердің мықты шоғыры қалыптасты. Құзырлы орган өкілдері, ғалымдар мен заңгерлердің де құжатты мемлекеттік тілде талқылап, сараптауға қабілет-қарымы толық жетеді. Жаңа жоба тек заңнамалық өзгеріс қана емес, қоғамдық қатынастардың өзгерген сипатына құқықтық тұрғыдан жауап беретін маңызды құқықтық акт болуы шарт. Сондай-ақ жаңа технология, цифрлық құзыреттілік, жасанды интеллект мамандарын да кодекс жобасын дайындауға тартқан орынды. Себебі қазіргі кезеңде цифрлық технология, инновация және IT саласы қарқынды дамуда. Бұл азаматтық-құқықтық қатынастардың мазмұны мен жүзеге асу нысандарын түбегейлі өзгертті. Мұның бәрі өз кезегінде электрондық мәмілелер, цифрлық активтер, онлайн-қызметтер және интеллектуалдық меншік объектілеріне қатысты жаңа қатынастарды құқықтық реттеудің заманауи тетіктерін енгізу қажеттілігін тудырғаны түсінікті. Соған орай жаңа кодекс бұған дейін қолданыста болған дәстүрлі азаматтық-құқықтық институттарды сақтай отырып, цифрлық экономиканың ерекшеліктерін толық қамтыса діттеген мақсатқа жақындайды. Әсіресе, кәсіпкерлік саласында заңды тұлғаларға қатысушылардың корпоративтік құқығын қорғау, корпоративтік басқарудың ашықтығын қамтамасыз ету, меншік иелерінің және азаматтық ортаның өзге де қатысушыларының мүдделері арасында орынды тепе-теңдік орнату ерекше маңызға ие. Сонымен қатар құқықтық қорғаудың тиімділігі заң нормаларының мазмұнына ғана емес, сот практикасының біркелкілігіне, сот төрелігінің қолжетімділігіне және сот шешімдерінің іс жүзінде орындалуына да байланысты. Сондықтан Азаматтық кодексті жаңғырту азаматтық заңнаманы іс жүзінде қолдану тетігін жетілдірумен қатар жүргізілгені орынды.

– Бүгінгі сот жүйесі сандық технология, жасанды интеллект салтанат құрған қоғамның талабына сай жұмыс істей алып отыр ма?

– Былтырғы жолдауында Президент Қ.Тоқаев: «Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, батыл әрекет етуіміз керек. Әйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады» деді. Демек, мемлекеттік биліктің бір тармағы болып отырған сот саласы да бұл үрдіске ілесіп, замана көшінен сырт қалмауы керек. Десек те, өзге мемлекеттік органдармен салыстырғанда сот жүйесінің сандық технологияны күнделікті жұмысына ерте енгізіп, жасанды интеллект жетістіктерін мейлінше оңтайлы пайдаланып отырғанын көпшілік жақсы біледі. Қазір сот залдарының толықтай дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтамасыз етіліп, талап-арыз, құжаттарды қашықтан жолдауға, сот өндірісіне түскен талап-арыздар мен материалдардың судьяларға автоматты түрде бөлініп, онлайн сот отырыстарының үздіксіз өтетініне көпшіліктің көзі үйренген. Жария сот отырыстарын еліміздің азаматтары ғана емес, әлем халқы көріп, тамашалауда. Бұл сот саласындағы әрбір судья мен сот қызметкерінің жаңа технологияны жетік меңгеріп, тиімді қолдана алатынының жарқын дәлелі.

Ізденіс жеткен жетістікпен тоқтап қалмайды. Мәселен, қазір судьялардың күнделікті құралына айналған «Судьяның цифрлық көмекшісі» жобасы осы бағыттағы іргелі өзгерістің бірі. Мұнда жасанды интеллект көмегімен судьялар ұқсас істер бойынша бұрын қабылданған сот актілерін іздеуге, сот практикасын талдауға, талап қою арыздарының мазмұнын жүйелеуге мүмкіндік алды. Жаңа тетік даудың мән-жайы мен тараптардың дәлелдерін құрылымдап, ұқсас істер бойынша құқық қолдану тәжірибесін ұсынады. Жасанды интеллект судьяны алмастырмағанымен, қазылардың қызметтік міндетін айтарлықтай жеңілдеп отырғанын мойындауымыз керек.

Сот жүйесін цифрландыру – тек саланы техникалық жаңғырту емес, сот төрелігін жүзеге асыру мәдениетін өзгертетін маңызды реформа. Заманауи технология сот жұмысының жеделдігін арттырып қана қоймай, сот қызметінің ашықтығын қамтамасыз етуге, адами факторды азайтуға және азаматтардың сотқа деген сенімін нығайтуға ықпал етеді. Дегенмен цифрландыру қаншама ыңғайлы, болғанымен, заңдылық, тәуелсіздік, әділдік және судьяның ішкі қағидаттардан айнымау керек. Себебі соттың негізгі міндеті – әділ, заңды шешім шығару. Біз тек заңымызбен, технологиялық жабдықтарымызбен ғана тиімді, тәуелсіз сот құра алмаймыз, ең бастысы сотта еңбек ететін мамандардың білікті болуы аса маңызды. Сот жүйесі үшін халықтың сотқа деген сенімінің артқанынан басқа абырой жоқ.

– Барлық жұмысы халықтың көз алдында өтетіндіктен, судьялар қызметіне қатысты айтылатын сын да, ескертпе де аз болмасы белгілі. Көпшілік айтқан пікірлер талданып, қандай да бір қорытынды жасала ма?

– Азаматтар тарапынан сот жұмысына қатысты жазылған пікір, сынның ешқайсысы назардан тыс қалмайды. Себебі көпшілік пікірінсіз саланы жандандыру, жаңа биікке көтеру мүмкін емес. Судьялар мен сот қызметкерлерінің атына жазылған сынның бәрін сүзгіден өткізіп, мәселелердің себебі мен салдарына үңілу, нақты шешімдер қабылдау – кемшілікті оңтайлы реттеуге көмектеседі. Әрине, қателеспейтін адам жоқ. Бір рет кеткен қатені жолға қою қиын болмас. Ал кемшілік жүйелі түрде қайталанғанда, саланың оң имиджіне нұқсан келеді. Соның ішінде судьяның істі қарауды дұрыс ұйымдастыра алмауы салдарынан шығарған шешімінің күшінің жойылуы жылы жауып қоятын мәселе емес. Күнделікті тәжірибеде байқап жүргеніміздей қолданыстағы заңнама үнемі өзгеріп отыратындықтан, судьяларға өзгерістерге ілесу, үнемі ізденісте болып, білімін жетілдіріп отыру маңызды. Мұндай талап сақталмаса, заң бұзушылықтар жалғаса берері сөзсіз. Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру және сот жұмысының тиімді ұйымдастырылуы бойынша тәжірибелік-құқықтық көмек көрсетуді дәстүрге айналдырып келеміз.

Әсіресе, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыру, заңнамада белгіленген барлық процестік мерзімдерді қатаң сақтау, татуластыру рәсімдерін қолдану көрсеткіштерін арттыру, мемлекеттік органдармен татуласу келісімдерін жасау кезінде қолданыстағы заң талаптарын қатаң сақтау, мемлекеттік тілде түсетін талап қоюлардың үлес салмағын арттыру, істерді соттылығы бойынша негізсіз жолдауға жол бермеу бағытындағы іс-шараларды пысықтап, бағыт-бағдар беріп отырудың пайдасы ұшан-теңіз. Судья – сот билігінің қадірі мен беделінің нақты көрсеткіші. Осы беделдің биік болуы білім мен әдепке, парасаттылыққа тікелей байланысты екенін ұмытпағанымыз жөн.

Әрине, сын шын болғанда саланы да, маманды да шыңдайды, өсіреді. Ал қазіргідей әлеуметтік желі белсенділігі алға шыққан заманда сот жұмысына негізсіз араласу, орынсыз сынаудың да кездесетіні шындық. Ел Конституциясында нақтыланғандай судья тәуелсіз және ол тек заңға ғана бағынады. Сондай-ақ соттың қызметіне араласуға жол берілмейді. Осындай заңды талапқа қарамастан, сот ісіне негізсіз араласып, ақпараттық қысым жасау деректері әлі де кездеседі. Сот шешімді қоғамдық пікірге, әлеуметтік желідегі жазбалар мен ақпарат құралдарындағы мақалалар мазмұнына сүйеніп қабылдамайды. Сот шешімі заңға және дәлелдемелерге негізделеді. Әрі шешім ақпарат алаңында емес, сот алаңында шығарылатынын қаперде ұстағанымыз жөн. Зайырлы, құқықтық мемлекетте осы қағида бұлжымай орындалуы тиіс.

– Биыл әкімшілік әділет институтының қолданысқа енгізілгеніне 5 жыл толып отыр. Көп уақыт болмағанымен, бес жыл жаңа бастаманың нәтижесі туралы батыл болжам жасауға жеткілікті сияқты. Маңғыстау облысында әкімшілік соттарға жүгінетіндер көп пе?

– Әкімшілік әділет – халықтық жоба, көпшіліктің көңілінен шыққан институт. Бұл жаңашылдық енгізілмей тұрғанда жария-құқықтық дауларда талабы қанағаттандырылған жеке және заңды тұлғалардан үлесі тым аз еді. Ал қазір жағдай мүлде басқаша. Айталық биылғы тоғыз айда Маңғыстау облысының соттарына барлығы 1 077 әкімшілік талап қою арызы түсіп, былтырмен салыстырғанда арыз саны 26,9 пайызға өскен. Оның ішінде азаматтардың 216 ісі (59,2%) қанағаттандырылған. Яғни, сотта мүддесін қорғаған азаматтардың 59,2 пайызы жеңіске жеткен. Әкімшілік талап қою арыздарының басым көпшілігі сот орындаушыларының әрекетіне, салық дауларына, мемлекеттік сатып алу дауы бойынша және зейнетақы дауы бойынша түскен. Осы кезеңде барлығы 112 жекеше ұйғарым шығарылып, мемлекеттік органдар басшылары мен лауазымды тұлғаларға қатысты 30 ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылған. Бұл пәрменді механизмнің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен сот орындаушыларына қатысты қолданылған. Мұның өзі әкімшілік әділет мемлекет органдар жұмысын жандандырып, құзырлы мекеме өкілдерін сапалы қызмет етуге итермелейтінін көрсетеді. Әкімшілік әділет – бұл адам мен мемлекет арасындағы құқықтық қатынастардың сипатын өзгертуге арналған және билікті пәрменді етіп қана қоймай, сонымен бірге есеп беретін билік ететін тетік. Негізгі нәтижелер ретінде сотқа жүгіну санының артуын, азаматтар сенімінің өскенін; мемлекеттік органдар шешімдері сапасының жақсарғанын; негізсіз әкімшілік актілер санының азайғанын; тұрақты сот тәжірибесінің қалыптасқанын атауға болады. Соттар азаматтарға өз құқықтарын тиімді қорғауға көмектесіп, белсенді рөл қағидатын кеңінен қолдануда. Осы бес жылдық тәжірибенің өзі таңдалған реформа бағытының дұрыс әрі сұранысқа ие екенін көрсетіп отыр.

– Маңғыстау – қазақылықтың қаймағы бұзылмаған аймақ. Осындай өңірде сот істерінің басым бөлігі мемлекеттік тілде қаралатын болар?

– Қазақ тілі – халықтың жаны, ұлттық болмысы. Алайда мемлекеттік тілге байланысты мәселелер қай салада болсын толық шешіліп кетті деп айта алмаймыз. Мәселен, биылғы тоғыз айда азаматтық соттарға 11 472 талап қою мемлекеттік тілде түскен, бұл барлық талап қоюдың 47,5%-ын құрайды. Ал осы кезеңде әкімшілік соттарға мемлекеттік тілде түскен істердің саны 462-ні (42,7%) құрады. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда бұл көрсеткіш 5,5%-ға артқан. Қазақы өңір үшін бұл аз екені рас. Бірақ, көрсеткіштің жақсаруы сотқа емес, жалпы қоғамның ынтасына байланысты. Өйткені, сотқа талап арыз, материалдар қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады.

Сондықтан мемлекеттік тілдің көрсеткішін соттардың қызметімен байланыстыру немесе мемлекеттік тілде қаралатын істердің аздығын сот жұмысының нәтижесі ретінде бағалау дұрыс емес. Соттар әрбір азаматтың мемлекеттік тілде сотқа жүгіну және өз ісінің мемлекеттік тілде қаралу құқығын толық көлемде қамтамасыз етуге ұмтылады.

Әрине, бұған қарап соттар мемлекеттік тілдің мәселесін сырттай бақылап қана отырады деген теріс көзқарас қалыптаспауы керек. Шын мәнінде сот жүйесі мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесін арттыруға мүдделі. Соған орай мемлекеттік тілде сот актілерін әзірлеу, процестерді мемлекеттік тілде жүргізу, судьялардың тілдік құзыреттілігін жетілдіру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеріп, қолданыс аясын кеңейтуге қатысты іс-шаралар алдағы уақытта жалғасын таба береді.

– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет! Жауаптылығы жоғары жұмыста беделіңіз биіктей берсін!

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Заң газеті»

№ 85 (3912)
13 қараша 2026 жыл
zangazet@mail.ru

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫНАН ТУЫНДАЙТЫН ӘКІМШІЛІК ДАУЛАР

Өңір соттарында қаралатын әкімшілік істердің кең таралған санатарының бірі жер қатынастарынан туындайтын даулар.

Аталған санатқа жер учаскелерін беру туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне, жерге орналастыру құжаттамасын келісу және бекіту кезіндегі уәкілетті органдардың әрекеттеріне, сондай-ақ жер учаскелерінің шекараларын айқындау және белгілеуге байланысты «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» әрекеттеріне дау айту жөніндегі істер жатады. Осы санаттағы істердің ішінде жер учаскелерінің орналасқан жерін дұрыс айқындамау және олардың шекараларының қабаттасуы салдарынан туындайтын даулар ерекше орын алады.

Сот практикасы көрсеткендей, жер пайдаланушының электрондық кадастрлық картадағы немесе абристегі мәліметтер бойынша өзіне тиесілі жер учаскесінің шекаралары көршілес жер учаскесінің шекараларымен қабаттасатынын анықтауы сотқа жүгінуге жиі негіз болады.

Мұндай жағдайларда талап қоюшылар жіберілген бұзушылықтар жерге қатысты құқықтарын тиісінше жүзеге асыруға кедергі келтіреді деп есептеп, Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің жер учаскелерінің шекараларын белгілеу жөніндегі әрекеттеріне дау айтады.


Жер учаскелерінің орналасқан жерін тиісінше айқындамау, олардың шекаралары мен координаттарын белгілеу кезінде жіберілген қателіктер, анық емес бастапқы деректерді пайдалану, сондай-ақ ұсынылған құжаттаманы тиісті дәрежеде тексермеу жер учаскелері шекараларының қабаттасуына, жер пайдаланушылар арасында даулардың туындауына және кейіннен әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне сот тәртібімен дау айтылуына әкеп соғады.

Сот талқылауы барысында даулы жер учаскелеріне қатысты басқа жер пайдаланушылардың бұрын тіркелген құқықтары немесе олардың орналасқан жері туралы мемлекеттік ақпараттық жүйелерге енгізілген мәліметтер бар екендігі жиі анықталады.

Жер учаскелерінің шекараларын жергілікті жерде белгілеу жұмыстарын жүргізу кезінде олардың нақты орналасуы мен кадастрлық құжаттамада қамтылған мәліметтер арасында сәйкессіздіктер, оның ішінде жер учаскелері шекараларының қабаттасу фактілері анықталады.

Жер-кадастрлық істердің материалдарын зерделеу мұндай даулардың туындау себептерінің бірі жер және құқықтық кадастрлардың мәліметтерін қамтитын жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жер учаскелері туралы мәліметтердің дұрыс енгізілмеуі болып табылатынын көрсетеді.

Аталған мән-жайлар кейіннен жер пайдаланушылардың құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіріп, сот дауларының туындауына негіз болады. Сонымен қатар әкімшілік істерді қарау барысында жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу, келісу және бекіту кезінде жол берілген бұзушылықтар анықталуда. Атап айтқанда, жер қатынастары бөлімдерінің жер учаскелерінің нақты орналасуын және шектес жер пайдаланушылардың құқықтарын тиісінше ескермей, анық емес немесе жеткілікті дәрежеде тексерілмеген бастапқы деректер негізінде әзірленген жерге орналастыру жобаларын бекіту жағдайлары кездеседі.



Жекелеген жағдайларда үшінші тұлғалардың құқықтары бұрыннан тіркелген аумақтарда жер учаскелерін орналастыруды көздейтін жерге орналастыру жобалары бекітіледі. Мұндай бұзушылықтар жерге орналастыру жұмыстарын тікелей жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіндегі ғана емес, ұсынылған құжаттама негізінде шешім қабылдайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың жұмысындағы кемшіліктерді де көрсетеді. Жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін беру туралы шешімдер қабылдауына негіз болатын материалдарды дайындау кезінде жол берілетін бұзушылықтар да ерекше назар аударуды қажет етеді.

Сот практикасында жер комиссияларының қорытындылары жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын жеке ұйымдар дайындаған далалық зерттеп-қарау актілеріне негізделетін жағдайлар кездеседі. Бұл ретте жекелеген далалық зерттеп-қарау актілерінің тапсырыс беруші жеке тұлғалардың жер учаскелерінің болжамды орналасқан жері туралы ауызша мәліметтері негізінде, олардың дұрыстығын және қолда бар кадастрлық деректерге сәйкестігін жеткілікті дәрежеде тексермей жасалғаны анықталады.

Кейіннен аталған материалдар жер учаскелерін беру мәселелерін қарау және тиісті әкімшілік актілерді қабылдау кезінде пайдаланылады. Соның салдарынан жер учаскелері басқа жер пайдаланушылардың бұрын туындаған құқықтары тиісінше ескерілмей берілуі мүмкін, бұл олардың заңды мүдделерінің бұзылуына және сот дауларының туындауына әкеп соғады.

Осылайша, аталған санаттағы істерді қарау кезінде соттар дауланып отырған әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттерінің заңдылығын ғана емес, сонымен қатар жер-кадастрлық істерді қалыптастыру мән-жайларын, бастапқы деректердің дұрыстығын, жер учаскелерінің орналасқан жерін айқындаудың негізділігін, сондай-ақ жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу және бекіту тәртібінің сақталуын да зерттеуге мәжбүр болады.

Әкімшілік органдардың жерге орналастыру жобаларын бекіту және жер қатынастары саласында шешімдер қабылдау кезінде жол берген бұзушылықтары анықталған жағдайда, соттар заңнама талаптарының бұзылуына ықпал еткен себептер мен жағдайларды жоюға бағытталған жекеше ұйғарымдар шығарады.

Сонымен бірге мұндай жекеше ұйғарымдардың орындалу практикасы әкімшілік органдар қабылдайтын шаралардың ұқсас бұзушылықтардың алдын алу үшін барлық жағдайда жеткілікті бола бермейтінін көрсетеді.

Жер дауларының туындауының негізгі себептерінің бірі мемлекеттік органдар әкімшілік шешімдер қабылдау кезінде пайдаланатын құжаттарды әзірлеумен тікелей айналысатын жеке ұйымдар орындайтын жерге орналастыру жұмыстары сапасының жеткіліксіздігі деген пікір қалыптасқан.

Шынында да, жер учаскелерінің орналасқан жерін, олардың координаттары мен бұрылыс нүктелерін айқындау, сондай-ақ графикалық материалдарды қалыптастыру кезінде жіберілген қателіктер үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына әкеп соғуы мүмкін. Сонымен бірге мұндай даулардың туындау себептерін тек жеке-жерге орналастыру ұйымдары жұмысының сапасыздығымен ғана байланыстыру дұрыс емес деп есептейміз.

Уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан ұсынылған құжаттаманың жеткілікті дәрежеде тексерілмеуі, жерге орналастыру процесіне қатысушылар арасындағы өзара іс-қимылдың тиісті деңгейде болмауы, сондай-ақ мемлекеттік ақпараттық жүйелерге енгізілетін мәліметтердің дұрыстығына бақылаудың жеткіліксіздігі де елеулі мәнге ие. Осылайша, қаралып отырған әкімшілік дауларды талдау жер дауларының туындауының негізгі себептерінің бірі жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу, келісу және бекіту, сондай-ақ жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының ақпараттық жүйесіне жер учаскелері туралы мәліметтерді енгізу кезінде жол берілетін бұзушылықтар болып табылатынын көрсетеді.

Жер учаскелерінің орналасқан жерін тиісінше айқындамау, олардың шекаралары мен координаттарын белгілеу кезінде жіберілген қателіктер, анық емес бастапқы деректерді пайдалану, сондай-ақ ұсынылған құжаттаманы тиісті дәрежеде тексермеу жер учаскелері шекараларының қабаттасуына, жер пайдаланушылар арасында даулардың туындауына және кейіннен әкімшілік органдардың шешімдері мен әрекеттеріне сот тәртібімен дау айтылуына әкеп соғады.

Бұл ретте анықталған бұзушылықтар барлық жағдайда жерге орналастыру жұмыстарын жүзеге асыратын жеке ұйымдардың әрекеттерімен ғана байланысты емес екенін атап өткен жөн. Жерге орналастыру құжаттамасын қарау және бекіту кезінде ондағы мәліметтердің дұрыстығын және шектес жер пайдаланушылардың құқықтарының сақталуын тиісті дәрежеде тексеруді барлық жағдайда қамтамасыз ете бермейтін уәкілетті мемлекеттік органдар тарапынан бақылаудың жеткіліксіздігі де елеулі рөл атқарады.

Осыған байланысты жерге орналастыру құжаттамасын әзірлеу сапасына бақылауды күшейту, жер учаскелерінің орналасқан жері мен шекаралары туралы мәліметтердің қолда бар кадастрлық деректерге сәйкестігін тексеруді қамтамасыз ету, сондай-ақ үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын мән-жайларды тиісінше зерттемей, жерге орналастыру жобаларын бекіту жағдайларына жол бермеу орынды.

Анықталған бұзушылықтар бойынша соттар шығаратын жекеше ұйғарымдардың орындалу мәселесі ерекше назар аударуды қажет етеді.

...жер дауларының тиімді алдын алу жерге орналастыру жұмыстарының сапасын арттыруды, кадастрлық мәліметтердің дұрыстығына бақылауды күшейтуді, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіруді және жер учаскелерін ресімдеу барысына қатысушылардың барлығының жауапкершілігін арттыруды көздейтін кешенді тәсілді талап етеді.

Жекеше ұйғарымдарды орындау шеңберінде қабылданатын шаралар профилактикалық әңгімелесулер мен оқыту семинарларын өткізумен ғана шектелмеуге тиіс деп есептейміз. Бұзушылықтардың туындауына ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтау, оларды жою жөнінде нақты шаралар қабылдау, сондай-ақ әкімшілік органдардың алдағы қызметінде осындай бұзушылықтардың қайталануына жол бермеу қамтамасыз етілуі қажет.

Демек, жер дауларының тиімді алдын алу жерге орналастыру жұмыстарының сапасын арттыруды, кадастрлық мәліметтердің дұрыстығына бақылауды күшейтуді, ведомствоаралық өзара іс-қимылды жетілдіруді және жер учаскелерін ресімдеу барысына қатысушылардың барлығының жауапкершілігін арттыруды көздейтін кешенді тәсілді талап етеді.

Аталған шараларды іске асыру жер қатынастары саласындағы әкімшілік даулардың санын азайтуға, қабылданатын әкімшілік актілердің заңдылығын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жер пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиісінше қорғауға ықпал ететін болады.

С. КУСЕМБАЕВА,
Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ПАЙЫМ

СОТ ШЕШІМІ ОРЫНДАЛУЫМЕН ҚҰНДЫ

Сот шешімдерін орындау азаматтық сот ісін жүргізудің маңызды кезеңдерінің бірі. Өйткені дәл осы кезеңде азаматтардың, ұйымдардың және мемлекеттің сот арқылы қорғалған құқықтары мен заңды мүдделерінің нақты жүзеге асырылуы қамтамасыз етіледі.

Қазақстан заңнамасына сәйкес заңды күшіне енген сот актілері еліміздің барлық аумағында міндетті түрде орындалуға жатады. Бұл талап заңдылықты, құқықтық тәртіпті және сот билігінің беделін қамтамасыз етуге бағытталған.

Сот шешімін орындау мәселелері Азаматтық процестік кодексінде реттеледі. Аталған бапқа сәйкес, сот шешімі дереу орындалуға жататын жағдайларды қоспағанда, заңды күшіне енгеннен кейін орындауға жіберіледі.

Сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін бірінші сатыдағы сот атқару парағын рәсімдейді. Бұл атқарушылық іс жүргізуді қозғауға және сот актісінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті шараларды қабылдауға негіз болып табылатын құжат.

ҚР АПК-нің 241-бабына сәйкес, атқару парағын бірінші сатыдағы сот шешім заңды күшіне енген күннен бастап немесе істің жоғары тұрған сот сатысынан қайтарылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде дайындайды.

Атқару парағында сот туралы, істің нөмірі, шешімнің шығарылған күні, сот актісінің қарар бөлігі, өндіріп алушы мен борышкер туралы және заңда көзделген өзге де қажетті мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Күнделікті қызмет барысында сот қызметкерлері сот шешімдерінің орындалуын ұйымдастырушылық тұрғыдан қамтамасыз етуге тікелей қатысады. Бұл кезеңдегі сот қызметкерлерінің негізгі міндеттеріне:

* сот шешімінің заңды күшіне енгенін тексеру;
* атқару парағын уақытылы дайындау;
* атқару құжатында көрсетілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру;
* атқару парағын сот шешімінің қарар бөлігіне сәйкестігін қамтамасыз ету;
* атқару парағын өндіріп алушыға беру немесе заңда белгіленген тәртіппен орындауға жолдау;
* іс жүргізу құжаттарының тиісті түрде рәсімделуін және белгіленген мерзімдердің сақталуын қамтамасыз ету жатады.

Атқару құжаттарының дұрыс рәсімделуіне ерекше назар аударылады. Тараптардың жеке деректеріндегі, өндіріп алу сомасындағы немесе сот шешімінің қарар бөлігіндегі болмашы қателіктердің өзі атқару құжатының кері қайтарылуына және сот шешімінің орындалу процесінің созылуына себеп болуы мүмкін. Сондықтан сот қызметкерлері өз жұмысында мұқияттылық пен жауапкершілік танытып, белгіленген процестік мерзімдерді қатаң сақтауы қажет.

Атқарушы құжат берілгеннен немесе орындауға жіберілгеннен кейін сот шешімін мәжбүрлеп орындату одан «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушылардың мәртебесі туралы» заңына сәйкес сот орындаушылар арқылы жүзеге асырылады. Сот орындаушылары атқару құжатында көрсетілген талаптарды орындау үшін заңда көзделген шараларды қабылдайды.

ҚР АПК-нің 241-бабына сәйкес, сот орындаушысы атқару құжаты орындалғаны туралы мәліметті, шешім шығарған сотқа он жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Ал белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда, орындамау себептері туралы ақпарат ұсынуы тиіс. Осылайша, соттар мен атқарушылық іс жүргізу органдары арасындағы өзара іс-қимыл сот актілерінің уақытылы әрі толық орындалуын қамтамасыз етудің маңызды шарты болып табылады.

Заңды күшіне енген сот шешімдерін орындамау Қазақстан заңнамасында көзделген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот актілерінің міндетті түрде орындалуы – сот төрелігінің негізгі қағидаттарының бірі. Азаматтар да, ұйымдар да заңды күшіне енген сот шешімінде белгіленген талаптарды өз бетінше елемеуге немесе орындаудан бас тартуға құқылы емес. Сот актілерінің уақытылы орындалуы азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтуға, қоғамның құқықтық мәдениетін арттыруға және заң үстемдігі қағидатын қамтамыз етуге ықпал етеді.

Сот жүйесіндегі соттың қызметі азаматтық істерді қараумен және сот шешімдерін шығарумен ғана шектелмейтінін түсінемін. Сот актілерін тиісінше рәсімдеу және оларды уақытылы орындауға жіберу де маңызды міндеттердің бірі.

Әрбір сот қызметкері өз лауазымдық міндеттерін сапалы орындауы қажет. Себебі атқару құжаттарының дұрыс әрі уақытылы рәсімделуі сот процесіне қатысушылардың құқықтарын іске асыруға тікелей әсер етеді.

Менің ойымша, сот шешімдерінің тиімді орындалуы – сот төрелігінің нәтижесін көрсететін негізгі өлшемдердің бірі. Өйткені сот шешімінің әділдігі, азаматтардың бұзылған құқықтары қалпына келтірілген кезде ғана нақты мәнге ие болады.

Диана БУРЕКЕШОВА,
Батыс Қазақстан облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маманы - сот отырысының хатшысы

ПӘРМЕН

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ САҚТАУДЫ ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЙЫҚ!

Ұсақ бұзақылық – қоғамдық тәртіпті бұзатын, азаматтардың тыныштығына, қоғамдағы өзара сыйластық пен тәртіпке кері әсерін тигізетін құқық бұзушылықтың бірі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (ӘҚБтК) 434-бабына сәйкес, ұсақ бұзақылық – қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға қорлап тиісу, тұрғын үй-жайларды, ортақ пайдалану орындарын, саябақтарды, скверлерді, оның ішінде көлік инфрақұрылымы объектілерін ластау және қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осыған ұқсас әрекеттер. Мұндай әрекеттер қоғамда тәртіпсіздік туғызып, азаматтардың қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіреді.

ӘҚБтК-ге сәйкес, ұсақ бұзақылық жасаған тұлғаларға әкімшілік жауапкершілік көзделген. Құқық бұзушылықтың сипатына және заңда көзделген жағдайларға байланысты кінәлі адамға айыппұл салынуы немесе әкімшілік қамаққа алу шарасы қолданылуы мүмкін. Әкімшілік жауапкершіліктің мақсаты – азаматтарды заң талаптарын сақтауға шақыру, қоғамдық тәртіпті қорғау және құқық бұзушылықтардың алдын алу.

Қоғамдық тәртіпті сақтау тек құқық қорғау органдарының ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Заңды құрметтеу – қауіпсіз қоғам қалыптастырудың негізгі шарты. Статистикалық мәліметке сүйенсек Шалқар аудандық сотында ағымдағы жылдың 9 айында ӘҚБтК-нің 434-бабы бойынша барлығы 55 іс қаралған. Атап айтқанда, ӘҚБтК-нің 434-бабы 1-бөлігімен 47 әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралып, 31 іс бойынша айыппұл салынып, 7 іс бойынша әкімшілік қамақ белгіленсе, құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты 9 іс өндірістен тоқтатылды. ӘҚБтК-нің 434-бабы 2-бөлігімен 5 іс қаралып, 4 іс бойынша әкімшілік қамақ белгіленсе, құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты 1 іс өндірістен тоқтатылды. Ал 434-баптың 4-бөлігімен 3 іс қаралып, құқық бұзушылық құрамының болмауына байланысты өндірістен тоқтатылды.

Ұсақ бұзақылықтың алдын алу үшін әрбір азамат қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстауы, айналасындағы адамдарға құрметпен қарауы және заң талаптарын үнемі сақтауы қажет. Қоғамдық тәртіпті сақтау – баршаға ортақ парыз.

Р.АЙТМАГАНБЕТОВА,
Шалқар аудандық соты әкімшісінің бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БАҒДАР

KazPetFood компаниясы мен Германияның Wagner Feedmilland Silo Plants GmbH инжинирингтік компаниясы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Алатау қаласында салынып жатқан жаңа өндірістік кешенге өнеркәсіптік жабдықтар, инженерлік шешімдер мен технологиялық жүйелер жеткізуді көздейтін бұл келісім Қазақстанда үй жануарларына арналған жем өндіретін алғашқы заманауи зауытты салуға арналған. Оның құны 31 млн еуроны құрап отыр.

АЛАТАУДА ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНЫҢ ЖЕМІН ӨНДІРЕТІН ЗАУЫТ САЛЫНАДЫ

«Қазақстандағы үй жануарларына арналған жем өндіретін алғашқы зауытты салу жаңа кәсіпорынды іске қосумен ғана шектелмейтін бастама. Біз өнеркәсіптің жаңа бағытын игеріп, ел ішінде қосылған құн қалыптастырудың толыққанды тізбегін құрып жатырмыз. Wagner компаниясымен әріптестік Германияның инженерлік тәжірибесі мен технологияларын Қазақстанның шикізат базасымен және өндірістік әлеуетімен ұштастыруға мүмкіндік береді. Біздің ұзақ мерзімді мақсатымыз жергілікті өндірісті дамыту, жергіліктендіру ауқымын кезең-кезеңімен кеңейту және халықаралық нарықтарда бәсекеге қабілетті өнім шығару. Біз Made in Kazakhstan белгісі өнімнің шыққан жерін ғана білдірмей, сапаның, озық технологияның және экспорттық әлеуеттің көрсеткішіне айналғанын қалаймыз», – дейді KazPetFood бас атқарушы директоры Кенен Жандос. Оның айтуынша, зауыттың бірінші кезеңінің қуаты жылына 27 мың тонна құрғақ және ылғалды жем өндіруге есептелген. Кәсіпорында 350 жұмыс орнын ашу жоспарланып отыр. Жобаның экспорттық әлеуеті де зор.

Жалпы үй жануарлары жемі нарығы ең қарқынды дамып келе жатқан тұтынушылық сегменттің бірі. 50 миллиард теңгеден асатын бұл нарық жыл сайын 15-20 пайызға өсіп келе жатыр. Қазір нарықтағы өнімдердің 90 пайызға жуығы шет елдерден әкелінеді. Егер көршілес елдердегі ахуалға көз жүгіртетін болсақ Қырғызстан мен Өзбекстандағы жағдай біздегідей. Ал Иран нарығындағы импорттық өнімдердің үлесі 40 пайызды құрайды. Мұнда Қытай мен Ресей ғана өзін-өзі қамтамасыз ептіп қоймай, өзге елдерге өнімдерін саудалап келе жатыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. «Akila Origins» ЖШС (БСН 260140008922), жалғыз қатысушының шешімі негізінде өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары мен өтініштері осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 010000, ҚР, Астана қ., Сарыарқа ауд., Сарыарқа даңғ., 31/2 үй, т.е.б.33.

4. «MUHAMMAD-2020» ЖШС (БСН 250140017963), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан обл., Сайрам ауд., Қарабұлақ а.о., Қарабұлақ ауылы, Алмазар көш., ғим.12/4. Тел. 8 702 028 22 22.

9. «КЕНАЛ и Ко» ЖШС (БСН 150140012581) (Алматы қ., Гагарин даңғ., 127/91-үй, 93-пәт.), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қ., Әуезов көш., 2/4-үй. Тел. 8 701 870 88 81.

13. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 24 қазандағы №894 қаулысының 4-қосымшасына сәйкес, Абай облысы Жаңасемей ауданының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Ертіс» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнын (БСН 210140032381) (бұрынғы Бесқарағай ауданының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Besqaragai» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны) 2026–2030 жылдарға арналған оңтайландыру жоспарына сәйкес, таратылатын болады. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: «Абай облысы Жаңасемей ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары, құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Абай облысы, Семей қаласы, Глинки көшесі, 73Г. Тел. 7 777 235 20 23.

15. «TKM Limited» (Ти Кей Эм Лимитед) ЖШС (БСН 110740013346), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қ., Медеу ауд., Достық даңғылы, 210-үй.

17. «Ашур Альянс Строй» тұрғын үй-құрылыс кооперативі (БСН 150940001119), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Тәттімбет көш., 3-үй, т.е.б. 3.

18. «Ашур Альянс» ЖШС (БСН 120440020002), өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Қарағанды обл., Қарағанды қ., Қазыбек би атындағы ауданы, Абай көш., құрылыс 69.

19. «СҰҢҚАР ШЫҢЫ» өнер орталығы» ЖШС (БСН 250740002031), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Түркістан облысы, Төле би ауданы, Жаңажол ауылы, Жаңа ғасыр көшесі, 77-үй, тел.: 8705 884 42 20.

ӘРТҮРЛІ

5. «Халықаралық адам институты» ЖШС (БСН 100540009814), жарғылық капиталды азайтатынын хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Дьяченко көшесі, 35-үй, электронды пошта: ihinst2010@gmail.com.

10. Алматы қаласы, Алатау аудандық сотында, Юрий Константинович Козловтың арызы бойынша, 11 сәуір 2001 жылы туылған Руслан Максимович Козловты қайтыс болды деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалған. Осыған орай, хабарлама жарыққа шыққан күннен бастап үш ай мерзімде, 11 сәуір 2001 жылы туылған Руслан Максимович Козловтың қай жерде жүргені жайлы мәліметті білетін тұлғалардан, Алматы қаласы, Алатау аудандық соты, мына мекенжай бойынша хабарлауын өтінеміз: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Шаңырақ -2 ықшам ауданы, Жанкожа батыр көшесі, 26/1 үй, ұялы телефон: 8777 206 61 56.

14. «НОМАД Иншуранс» сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының Қызылорда қаласындағы Филиалы (БСН 090541003856), өзінің заңды мекенжайының өзгергені туралы хабарлайды. Жаңа заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 23-үй.

16. Жетісу облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026 жылғы 20 қазандағы ұйғарымымен «Агрокомплекс ЖетысуМажико» ЖШС-не (БСН 040140011124) қатысты оңалту рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

20. «ВЕИР МИНЕРАЛС КАЗАХСТАН» ЖШС (БСН 140640025897), жарғылық капиталының 5 000 200 000 (бес миллиард екі жүз мың) теңгеден 1 200 200 000 (бір миллиард екі жүз миллион екі жүз мың) теңгеге дейін азайтылатынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әбіш Кекілбайұлы көшесі, 34-үй.

МҰРАГЕРЛІК

2. 28.06.2023 ж. қайтыс болған Омарова Кенжегуль Оразбековнаның артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус У.А.Шукемановаға хабарлассын. Мекенжайы: Қызылорда қ., Абай даңғ., 60А. Тел. 8747 171 07 77.

7. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан ауылы, Т.Бокин көшесі, 18-үйде тұрған, 2026 жылдың 24-ші тамыз айында қайтыс болған Хужанов Гани Кулдашовичтің артынан мұра ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Н.Ж. Кайнарбековаға келулеріңіз керек: Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Б.Момышұлы көш., 81А. Тел. 8 727 762 40 64.

Баспасөз – 2027

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және **«Юридическая газета»** газеттеріне және **«Заң»** журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.
Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

8. 2026 жылы 28 тамызда қайтыс болған Сейдахметова Нургуль Отебаевнаның артынан мүлкіне мұра ашылды. Мұрагерлер және барлық мүдделі тұлғалар мұралық құқығын жүзеге асыру үшін нотариус С.А.Жұмадуллаеваға келуін сұрайды. Мекенжайы: Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Шелек ауылы, Малай батыр көшесі, нөмерсіз ғимарат.

11. 2026 жылы 22 мамырда қайтыс болған Оралбаев Сабыржан Палмаганбетовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда обл., Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимарат. Тел. 8702 233 44 99.

12. Жаңаөзен қаласының жеке нотариусы Демегенова Набат Джаумитбаевна, 08.12.1973 жылы туылған, 25 маусым 2026 жылы қайтыс болған Калакбашова Динаш Койлашовнаға мұралық іс ашылуына байланысты, осы қайтыс болған адамның мұрагерлеріне іздеу салады. Мұрагерлерге Жаңаөзен қ., Самал ш/а, 1/2 үй, 20-кеңсеге хабарласуыңызды сұрайды.

Ақтөбе облыстық сотының судьялар корпусы мен Судьялар одағының Ақтөбе облысы бойынша филиалы Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының төрағасы Елшібеков Бақытбек Есенгелдіұлына әкесі
Есенгелді Елшібекұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтоқын 4Б көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма, 4-қабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент қаласы, Г. Иляева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar. reklama@gmail. com


Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі,18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемеращи көшесі, 59, тел. 87058147221

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

Trade and Service ЖК, Алматы қаласы, мкр. Жетысу-3, д.55/133, тел. 87475501070



Сәрсек Алдаберген Қайырғалиұлы, *ардагер ұстаз, тарихшы, өлкетанушы*

37 ЖЫЛДАН СОҢ АҚТАЛҒАН ҚЫРШЫН ҒҰМЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аудан орталығына келген соң да іздестіруді жалғастырдық. Ізденген сайын жүрегі «Елім!» деп соққан жас қыздың, оның ата-анасының, бауырларының аянышты тағдырымен таныса түстім.

Гүлзаданың басына бүкіл жаманаттың бәрі жабысқан. «Маскүнем, аяғын шалыс басқан, т.б. деген» қауесет Гүлзаданың әкесі Нәби ағамыз бен анасы Қалампыр апамыздың жүрегін жаралап, жазылмас дертке шалдықтырып, әкесін ана дүниеге ерте алып кеткен. Өзіміз дұрыс танымасақ та, Гүлзаданың аты осы қара күйеден тазарып шықса, ата-анасының аруағы риза болар деп армандадық. Өйткені, Қалампыр ана қайтарының алдында: «Қызымның еш кінәсі жоқ екеніне сенемін!» деп қайта-қайта жалынғандай болып «...қызымды жаладан құтқарыңызшы, көмектесіңізші» деп аманаттап кетіп еді. Содан бері 20 жылдан асты, әлі ізденіс үстіндеміз. Тіпті, өзімізді кінәлі сезінгендей халге жеттік! Не ақтап ала алмаймыз, не қаралай алмаймыз. Елмен бірге алаңға шыққан қыздың не кінәсі бар? Осы сұраққа жауап іздеп Гүлзаданың құрбыларымен, туыстарымен, таныстарымен сөйлестік. Көбі мәлімет беруден қашады. Есімін атамауымызды өтінеді. Тек жақын туыстары ғана өкінішпен бар көрген-білгендерін айтып берді.

Естен кетпес естеліктер...

Ізденіс тағы жалғаса берді. Алдымызда Алматыдан жазған Гүлзаданың хаттары жатыр. Оның анасы Калелова Қалампыр, әкесі Калелов Нәби бұрынғы Чапаев ауданының «Лбішін» совхозының №1 бөлімшесінде қарапайым шаруа болған. Нәби ағамыз бала күнінен жетімдік көріп, ағайындарының қолында тәрбиеленген. Нәби ағамыз бен Қалампыр апамыздың шаңырағын алғаш қуанышқа бөлеген тұңғышы осы Гүлзада екен.

Гүлзада кішкене күнінен елгезек, сабаққа алғыр болған. 15 жасқа келгенше көз алдымызда өсті. Мектепте үлгілі оқушы болды. 1984 жылы ауыл мектебінен сегізінші сыныпты бітіріп, Алматыға ауысты. Өз қалауымен кинотехникумға оқуға түсіп, жатақханада тұрды. Гүлзада техникумда өз тобының старостасы болған. Сол желтоқсан оқиғасы килікпегенде бұл күндері қатарымен ойнап, күліп, отбасын құрап жүрер ме еді?! Жендеттер қолынан мерт болып, қыршынынан қиылған қыр қызғалдағының обалы кімге?

Калеловтер отбасын қайғы бұлты шарпыған 1986 жылдың желтоқсан айының соңғы күндерінде бейтаныс адамдар келіп Гүлзада жайында сұрастырып, бүкіл құжаттарын жинап алып, «Ешкімге ештеңе айтып, сөз көбейтіп жүрмеңдер, өздеріңе жаман болады», – деп қорқытып кеткен. Гүлзаданы бұл тосын іздестіру жайында сол кезде Нәби ағаның үйінде жатып жұмыс істеген жас мұғалім Күзенбаева Нұрбибі Қалешқызы мәлімдеді. Сол адамдар Гүлзаданы іздестіріп келіп-кеткеннен кейін Нәби аға қатты күйзелді дейді. Әйтсе де, Гүлзада 1987 жылдың 4 қаңтарында жазған хатында қиналып жүргенін сездірмеген. Тек амандық-саулық сұрасқан. Үйдегілерді қатты сағынғанын жеткізген. Осы хаттан кейін дәл бір ай өткенде, 4 ақпан күні Орал қаласында оқитын немере сіңлісі Нұргүлге хат жазған. Бұл хатта да ештеңе сездірмейді. Осы соңғы хаты жазылғаннан кейін іле-шала басындағы жарақаты шыдатпай, Алматының шет жағындағы медпункттің бірінде ем-дом жасатып жатқан жерінде қолға түскен. (Бұл келеңсіз жағдайды марқұм Қалампыр анасы Алматыдағы таныстарынан естіген). Осыдан кейін 1987 жылдың ақпан айының ішінде бірінен соң бірі екі жеделхат келген. Екеуі де Алматыдан. Бірінші хатта: «Қызыңыз ауырып қалды, келіңдер», – деген. Екіншісінде: «Қызыңыз қайтыс болды», – деп жазылған. Осыдан-ақ ұзақ іздестіруден кейін қолға түскен Гүлзаданың тергеу камерасында айуандықпен соққыға жығылып, кейін ауруханада көз жұмғанын айқын аңғаруға болады.

«Ол кезде қызымыздың адам қолынан өлгенін білген жоқпыз. Желтоқсан қырғыны жөнінде де ештеңе білмедік. Содан жылап-сықтап жүріп не істеп, не қойғанымызды білмедік, – деп еске алады немере апасы Зура Азмуханбетова.

Әкесі Нәби болса жылырман күйде: «Құдай-ау, қыз бала қандай тәртіпсіздік жасауы мүмкін?» – деп үйге кіріп-шығып аласұрады. 1987 жылдың ақпан айында қайтыс болды деген хабардан соң қасына мектеп директоры Бақтығұлов Мауленбай мен жақыны Тлепов Мұратты ілестіріп Алматыға барып, қызының сүйегін самолетпен алып келеді. Әйтеуір көмектескені болар, әлде жоғарыдан «тезірек жерлеңдер» деген бұйрық болды ма, сол кездегі совхоз директоры машина беріп Оралдан қарсы алады. Гүлзаданың сүйегін әкелгенде қасына қара киім киген 4 адам ілесіп келген. Келгендердің біреуі ішке кіріп шыққаннан кейін, үйге кірмей, көше бұрышын жағалап тың-тыңдап жүрген.

«Гүлзаданың әкесі Нәби аға ауыл-елге сыйлы, арыстай азамат еді. Қызының қайғысынан кейін аз уақыт ішінде шөгіп, тез қартайып кеткендей болды», – дейді Зура Азмуханбетова. Көп ұзамай ол кісі құса болып дүниеден озды. Ал Қалампыр анамыз Оралдағы кенже ұлы Мерекенің қолында бір бөлмелі жатақханада біраз уақыт бірге тұрған. 2003 жылы автобуста кетіп бара жатып аяқ астынан жүрегі тоқтап дүние салады. Қалампыр апаның құзырлы органдардан көмек сұрап, өтініш жазған хаттары сақталған.

Аяның естелігі

Мәйітті Алматыдан әкелгенде ілесіп келгендер мырышталған табытты аштырмауға тырысты. Бірақ, Гүлзаданың анасы Қалампыр зар еңіреп қоярда-қоймай табытты аштырды. Гүлзаданың басын ақ дәкемен орап, байлап тастаған екен. «Ең болмаса маңдайынан бір иіскейін», – деген анасының өтініші бойынша Гүлзаданың немере ағасы Аян Калелов табыттағы қарындасының басын аздап көтермек болып қолын Гүлзаданың желке тұсына апарып еді, бойы дір етті. Қатты бас сүйек бар екені сезілмейді. Бинт, ар жағы мақта тәрізді былқылдап жатыр. Қарақұстан ештеңе жоқ. Есін тез жиып алды. Маңдайынан иіскеп еңіреген анасына Аян ештеңе сездірмеді. Мең-зең күйде сыртқа шығып кетті. Осыдан кейін қызды жуындыруға рұқсат етпеген.

Ертеңіне жерлеу кезінде де оқыс оқиға болды. Үлкендердің анда-мында жұмсағанына барып жүгіріп жүрген.



Гүлзада жайлы құжаттармен суреттер жинақталған альбомды мектепке тапсыру сәті

Кенет арт жақта тұрған ақ-сұр волганы байқап қалады. Ішінен шыққан ұзын бойлы жігіт ымдап шақырып алады. Қасына барған Аянды машина ішіне кіргізіп алысқа алып кетіп, бірнеше сұрақ қояды.

– Алматыда болдың ба?

– Жоқ. Осы ауылдан ешқайда шыққан жоқпын.

– Сендер тұқымдарыңмен халық жауысыңдар. Оңбаған бері кел! – деген бейтаныс жігіт қолын қайырып, қысып сындыра жаздайды. Қол жұмсағаны аздай, қоқан-лоқы көрсетіп болған соң «осыны біреуге айтар болсаң, тұқымдарыңмен жоқ болып кетесіңдер» деп айдалаға лақтырып кеткен. Ызадан жарылардай болып үйге әзер жеткен. Осыдан кейін Аян қарындасы Гүлзаданың ажалы кісіден келгенін сезді. «Қарындасымның мәйітін қазіргі Қабыл ауылының қасындағы «Қашқар» деген қорымға жерледік, – дейді күйінген Аян бізбен әңгімесінде.

Тас түскен жеріне ауыр

Қазақта «тас түскен жеріне ауыр» деген сөз бар. Қызғалдақтай мәпелеп өсірген қызынан айырылу әкесі мен анасына оңай болған жоқ. Олар қыздарының «маскүнем, нашақор, бұзақы» екеніне сенген жоқ! Гүлзаданың неден қайтыс болғанын сұрағанда алып келгендер: «Қарақұсына қатты бірдеңе тиіп сынған», – депті. Қалай сынғанын сұрағанда: «мас болып баспалдақтан құлаған», – деген. Бірақ, қыздарының қандай екенін білетін екеуі де бұл сөзге сенген жоқ. Біз де бұл мәліметті анықтау үшін жұмыстандық. Арақ ішетін бе еді деп бірге оқыған курстас құрбыларынан сұрастырғанымызда Света Нұрманова да, апайы Нұрбибі Күзенбаева да: «Гүлзада арақ пен темекіге әуес болған емес!» деді. Шалқалап құлағанның өзінде тап анадай сынуы мүмкін емес деп әкесі талай күйінішпен айтқан екен. Сол кездің өзінде әкесі қызының ажалы кісіден болғанын сезген.

Інісі Мерекенің естелігі

«Калеловтер отбасынан қалған жалғыз мен. Қазір Көкшетауда тұрамын. Өткен өмірімді есіме алсам әкем, анам, апатайым, ағам Серік есімнен кетпейді».

Гүлзаданың інісі Мереке ол кезде 11 жаста, ағасы марқұм Серік 13 жаста болатын. Қайғылы оқиға бала болса да Мерекенің есінде жақсы сақталыпты: «Сол жылы жазғытұры қараңғы түсе үш бейтаныс адам тағы келген. Нәби ағаны сыртқа алып шыққан. Үшіншісі іш киіммен тұрған Серік пен Мерекені және Қалампыр апаны сыртқа шығармай, ішкі есік алдында ұстап тұрған. Сыбыр-күбір әңгімеден Мерекенің ұққаны: «Мырыш табытты неге ашасыңдар? Сенің қызың бұзақы, маскүнем, жеңіл жүрісті. Совет үкіметіне қарсы шыққан. Егер осыдан ләм деп ауыздарыңды ашатын болсаңдар, жақсылық күтпеңдер! Ондай қызың болғанын ұмытыңдар!» Бұл – Мереке Нәбиұлының жадында ұмытылмастай сақталып қалған көрініс. «Содан бері 37 жыл өтсе де, сол оңбаған адамдардың бет-бейнесі, кескін-келбеті бүгінгідей көз алдымда», – дейді бізбен әңгімесінде жүрегі шерге толған Мереке. Осы оқиғадан кейін-ақ, қызының қайғысы әкесін ауруға шалдықтырған.

Гүлзада батыстың батыр қызына қалай айналды?

Алғаш рет Гүлзаданың үйіне іздеп барып, Қалампыр анамен жолыққанда, қуана қоймаған. Шынымды айтсам, бұл қыз ақталады деп өзім де ойлаған жоқпын. Әйтсе де, ізденуімді тоқтатқан емеспін. Тарихшы болғасын оқушыларыма ғылыми жоба етіп жазуға көмектесіп, түрлі байқауларға қатыстырдым. Оқушылар жүлделі орын алып жүрді.

Гүлзада туралы жергілікті басылымдарға қанша мақала жазылды, ресми орындарға қанша сұрау салынды – еш нәтиже болған жоқ. Мұрағаттарға сұрау салдым. «Мұндай адам туралы еш мәлімет жоқ» деген жауап келді. Желтоқсан оқиғасын зерттеген комиссиялар құжаттары, жарияланған тізімдер, ғылыми-зерттеу еңбектерінде де Гүлзада туралы дерек жоқ. «Батыс-Желтоқсан» қоғамдық бірлестігінің басшысы Гүлнар Аққұбашқызы менің Гүлзаданың өмірін зерттеп жүргенімді білетін. Бір күні облыстық телеарнадағы журналист М.Балмолдаға арнайы барып «Тарихтан тағылым» хабарына сұхбат беріп қайтуымды өтінді. Алғашқыда тартыншақтағаным рас. Соңынан ойлана келіп келістім. Келіскенім жақсы болды. «AQJAIYQ» телеарнасындағы сұхбатта «Гүлзада ақталуы тиіс!» – деген жанайқайымыз эфир арқылы алты алашқа тарап, Алматы желтоқсаншыларына да жетіпті. Гүлзаданың абақтыда түскен суретін көргеннен кейін, бірге жүрген таныс құрбысы Света маған хабарласты. Осы сұхбаттан кейін Гүлзада жайлы ізденісімнің «бағы» ашылды десем де болады.

Қаһарман қыздың есімін жаңғырту ісіне тікелей араласып, қажырлы еңбек еткен, сілкініс-серпін берген – алматылық желтоқсаншылар болды. Әсіресе, Гүлшара Белгібаева қарындасыма ризамын. Алғаш сеңді бұзып, көшті бастаған осы Гүлшара! Өз атына сенімхат жаздырып алып, бүкіл Алматының мекемелерін, мұрағаттарын ақтарып өлшеусіз еңбек етті. Одан кейін ақылшым-кеңесшім болған Гүлзаданың таныс құрбысы Света Нұрмановаға да үлкен рақмет айтамын. Гүлшарадан кейін істі қолға алып нәтижелі жұмыс істеген Бейсембай Сайфоллаұлына да алғысым шексіз!

– Оралдық Ережолла Орынғалиев деген желтоқсаншы досым Гүлзада Калелова туралы айтып, осы қызды ақтау жөнінде көмек сұрады. Бұдан бұрын да осындай мәселемен айналысып, архив ақтарған тәжірибеміз бар еді. Іске кірістік. Ол оқыған кинотехникум бұрынғы орнынан көшіп кеткен, архив жойылған. Прокуратураның есігін тоздырдық. Алматының Медеу аудандық АХАЖ бөлімінен Гүлзада Калеловаңың қайтыс болғаны туралы акт көшірмесі 2023 жылдың ақпан айында қолымызға тиді. Ол құжатта өлімнің себебі «мидың зақымданып, езілуінен» деген анықтама болған. Бұдан кейін желтоқсан қатысушыларының фотосуреттері арасынан Гүлзаданың бейнесін тауып, оның басқа фотоларымен салыстыра сараптама жасаттық. Осының бәріне үш жылдай уақыт кетті. Бұл тек жалғыз адамның емес, бірлестік құрамындағы барша желтоқсаншылардың ұйымшылдығы мен талапшылдығының нәтижесінде мүмкін болды, – дейді Бейсембай Сайфоллаұлы.

Қуаныштың көз жасы

2024 жылдың 6 наурызында Гүлзада Калелованың ақталып, саяси қуғын-сүргін құрбаны ретінде танылғаны туралы сүйінші хабар-анықтаманы қаһарман қыздың туған жеріне жеткізген бір топ алматылық желтоқсаншылар Батыс Қазақстан облысының Ақжайық ауданындағы Ақжол ауылдық округіне қарасты Қабыл ауылында болып, марқұмның қабіріне зиярат етті. Қыршын кеткен қыздың тұрған үйіне ескерткіш-белгі қойып, тақтаны ашу рәсіміне қатысты. Содан кейін Гүлзада Нәбиқызы оқыған ҚАРШЫ мектебінде еске алу кеші өтті.

Ақжайық ауданы әкімі Мұрат Сердалиннің қатысуымен Орал қаласындағы Достық сарайында өткен «Оралға оралмаған ару қыз» атты дөңгелек үстелде батыр қызды ұлықтау, есімін ел жадында жаңғырту жөнінде ұсыныс-пікір айтылды. Осы сәттерде Гүлзада Нәбиқызының ақталғанына сенер-сенбесімізді білмей жер мен көктің арасында қалықтап ұшып жүргендей әсерде болдық!

– 37 жылдан кейін анамның аманаты, өмір бойғы арманы орындалып, Гүлзаданың есімі ақталғанын естігенде қуаныштан жүрегім жарыла жаздады, – дейді айтулы оқиға тұсында туған жеріне арнайы шақыртумен келген Мереке Нәбиұлы.

Жанарында жас байқалады. Қуаныштың көз жасы. «Ауылға барғасын далаға шығып бар дауысыммен айқайлап алмасам», – дейді маған қарап күлімсіреп. Қайтсін енді, қаншама жылғы көрген қысым мен мұң ішіне сыймай барады ғой. Қуану да бар.

ТҮЙІН

Қаншама жыл өтсе де желтоқсан жаңғырығы санамыздан әлі кетер емес. Гүлзада секілді жазықсыз құрбан болғандардың есімін ұлықтау бүгінгі желтоқсандықтарға аманат. Ел тәуелсіздігі жолында құрбан болғандардың тізімі анықталып, рухы шат болуы үшін, бәрі де ақталса екен!

Ұлбала ТІЛЕУҚЫЗЫ,
желтоқсан ардагері

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6160 дана
Апталық таралым 12320 дана

Тапсырыс № 169 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талаптілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31